



ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 4 МАМЫР, 2024 ЖЫЛ №49 (23 371)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz



Әлемді мейірім күтқарады

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қарсаңында Достық үйінің алдында табиғи апаттан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі республикалық акцияның екінші кезеңі жалғасын тапты. Азық-түлік, төсек-орын, күнделікті тұрмысқа қажетті басқа да заттар тиелген 40 тонна «Қайырымдық керуені» Шет ауданына жіберілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, биыл табиғи апаттар кезіндегі бұл мереке біздің басты құндылықтарымыз – бірлік пен ынтымақтастықтың өзектілігін көрсетті.

Жерлестерімізге гуманитарлық көмек жинауға қарағандылық кәсіпкерлер, кәсіпорындар мен ұйымдардың, ауыл шаруашылығының өкілдері, этномәдени бірлестіктер және еріктілер мен қарапайым азаматтар бір кісідей атсалысты.

Достық үйінің алаңына жиналған тұрғындардың алдында Қарағанды облысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы филиалы төрағасының орынбасары В.Молотов-Лучанский, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ф.Тұяқов, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Л.Қожахметова, Бұқар жырау ауданының «Анара» шаруа қожалығы басшысы А.Базаева, Ассамблея мүшелері Г.Рзаев, Ш.Норматов, облыстық кәсіпкерлер палатасы төрағасының орынбасары А.Асқаров, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестік басшысы А.Урмашов сөз сөйледі. Мерекемен құттықтап, осындай сындарлы сәтте бір-бірімізге қол ұшын созу – азаматтық борыш екенін айтты, қайырымдылық акциясынан тыс қалмағандарға алғыс білдірді.

Өз тілшімізден

Орындалған аманат, тұғырланған тұғырнама

Мемлекет басшысының сайлауалды тұғырнамасында белгіленген міндеттерді іске асыру мақсатында азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға бағытталған негізгі басымдықтар айқындалған еді. Облыс орталығында өткен AMANAT партиясы бақылау комитетінің көшпелі отырысында Жол картасының орындалу барысы тағы бір мәрте егжей-тегжейлі талқыланды.



ERKANAT KEÑESEBEKҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл облыста 49 мыңнан астам тұрғынды жұмысқа орналастыру, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының санын 95,2 мыңға дейін ұлғайту көзделіп отыр. AMANAT партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасын іске асыру қорытындылары және партиялық бақылау комитетінің отырысындағы жоспарлар туралы өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев баяндады. Өткен жылы өңірде 985 грант пен шағын несие берілді. 1957 шағын және орта бизнес жобасы қаржыландырылды. 4,5 мыңнан астам бизнесін жаңа бастаған кәсіпкерлер оқуға жіберілді. 2777 жаңа шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері құрылды. Сайлау алдындағы бағдарламаның көрсеткіштері 30%-ға асыра орындалды.

– Биыл 601 грант пен шағын несие беру, 1,7 мың шағын және орта бизнес жобасын қаржыландыру, 49 мыңнан астам жұмыс орнын құру, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санын 95,2 мыңға дейін ұлғайту, жұмыспен қамтылғандар санының 222,7 мың адамға дейін өсуін қамтамасыз ету міндеті қойылды. Жастарды жыл сайынғы жұмысқа орналастыру көрсеткіші бойынша міндеттемелер 2 есеге жуық орындалады, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев. – Мектепке дейінгі білім беруде жеті ұйым ашу және жұмыс істеп тұрған жеке ұйымдарды 1379 орынға дейін кеңейту есебінен балаларды қамту ұлғайтылды. Жыл соңына дейін тағы 350 жаңа орынды іске қосу жоспарлануда.

75 мыңнан астам бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Бұл – бастауыш сынып оқушылары және халықтың әлеуметтік осал топтарының балалары. Қарқара-

лы және Бұқар жырау ауданының Талды және Атамекен ауылдарындағы ескірген және апатты мектептердің мәселелерін оңтайлы шешу үшін облыстық бюджет қаражаты есебінен 350 орындық екі жаңа мектеп салынууда. Сондай-ақ, биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 7100 орындық тағы 10 мектеп іске қосылады.

Өңір басшысы денсаулық сақтау жүйесін дамыту, агроөнеркәсіп және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы түйткілдерді шешу туралы айтып, өңірдің экономикалық көрсеткіштеріне кеңінен тоқталды.

Отырысты AMANAT партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев жүргізді. Ол партияның сайлауалды бағдарламасының барлық көрсеткіштерін орындау қажеттігін атап өтіп, мемлекеттік органдардың оны орындағаны үшін дербес жауапты болатынын еске салды.



– Ауқымды да жауапты жұмыс атқарылды. Бағдарламада жүзеге асырылған көп дүние бары аңғарылады. Дегенмен, біз әлі де күн тәртібінде тұрған меже-

лерді лайықты түрде еңсеруіміз керек. Кемшіліктер сайлауалды бағдарламаның орындалу сапасы мен толықтығына айтарлықтай әсер етуі кәдік. Сондықтан, біз үшін қазір партия мен атқарушы және өкілетті мемлекеттік органдардың бірлескен күш-жігерімен іс жүзінде бар тәуекелдерді анықтау, туындаған түйткілдерді талқылау әрі шешу жолдарын әзірлеу маңызды, – деп атап өтті Павел Казанцев.

Өрекет ету уақыты кедергі атаулысын бірлесе еңсеріп, сайлауалды бағдарламаның әрбір тармағын іске асыруға қол жеткізу қажеттігін мензейді. Партияның күш-жігері іс-әрекеттегі ынтымақтастық ашықтыққа негізделгені абзал. Ал, нәтижесі сайлаушылар сенімнің ақталуына соны серпін болмақ.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ӨЗЕКТІ

Қыр қазағы неге алаң?

Қырда мал баққан жұрттан дабыл түсіп жатыр. Төрт түлікті кәсіп қылған ауылдағы ағайынның алаңы бүгінде – әр жерде теңкішіп, көмусіз қалған мал өлекесі. Биыл қыстың да, көктемнің де қыр қазағын қыспаққа алғаны мәлім. Көтерем малын қыс әкетсе, қайсыбір мал басы тасқында өлді. Енді ауылдағы ағайын «көмусіз қалған өлекселерден ел мен жерге вирус, инфекция тарай ма?» деп уайым кешеді. Алда – шілінгір шілде. Күн ысығанда ашық жатқан өлексенің не кепке түсерін болжау да қиын емес. Демек, алаң негізсіз емес. Жалпы, ветеринария туралы малсақ елдің пікірі мұнымен шектелмейді. Президенттің өзі мән беріп, реформа жасауға ұсқау берген ветеринария хақында ауыл шаруашылығында жүрген мамандардың да айтар арызы да, базынасы да баршылық...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Өзге емес, өзін айтам өз жайымда...»

Абай ауданы, Ақбастау ауылы «Арқа» кооперативінің басшысы Аспандияр Сейменов мал өлекесінің елдімекендерде ашық-шашық жатуынан вирус-инфекция тарайтынына бек сенімді. Оның айтуынша, бүгінде бұған бас ауыртқан құзырлы орындар кем. Ветеринария басқармасы ауданға жүктейді. Аудан, ауыл әкіміне, ал, ауыл әкімдерінен қайыр жоқтығын атап отыр.

– Малдың өлекесін жоюды ветеринария басқармасы аудандық ветеринария станциясына сілтейді. Олар ауыл әкіміне міндеттейді. Ауыл әкімі үнісіз. Өлексе шашылып, далада жатыр. Мал иелері өздері де біледі оны. Бірақ, соған немқұрайлы қарайды. «Біздікі емес» деп шығады. Дәлел жоқ. Осыны жи-

настырмаса, ертен топыраққа микроб пен вирус сіңеді. Ол вирус шықпады деген күннің өзінде далада өлексенің шашылып жатуы қай жағынан алсақ та, жөн емес. Малдың киесі бар емес пе? – дейді Аспандияр Сейменов.

Дәл қазіргі уақытта бұл туралы ресми органдардан қолда нақты дерек жоқ. Бірақ, кооператив басшысының сөзінің жаны бар. Расында, ақжонқа боп, жануар өлекесінің жатуы жақсылыққа апармайды. Мал індетінен адамның көз жұмуы да өңірде бұған дейін кездесті.

Ұзақ жылдар ауыл шаруашылығында еңбек еткен Аспандияр Сейменов ветеринарияға толыққанды реформа жасалмай, ветеринар мамандарының жұмысы жолға қойылмайынша, мал індетінен құтылмасмызды және айтады. «Індет шыққан соң қаққан дабылдың көк тиын пайдасы жоқ. Сол індет шықпайтын амал қылу керек», – дейді ол.

► 4-бет



Сурет: ашық деректен

ORTALYQ QAZAQSTAN ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАПА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 ТҒ

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН (АУЫЛ)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 ТҒ

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары: Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05; Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• РЕСМИ

Көкөніс себеті қолжетімді болады

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңесте маусымаралық кезеңде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік пен көкөністер бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланды. Үкімет маусымаралық кезеңде көкөніс бағасының өсуіне жол бермеу үшін алдын ала шаралар қабылдады.



ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі үш апта қатарынан төмендеп келеді. Бағаның төмендеуі қарақұмық жармасы, пияз, күнбағыс майы, ұн және басқа да өнімдер бойынша байқалып отыр. Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасының анағұрлым ауытқуына жол бермеу үшін Үкімет Озабекстан және Тәжікстан жеткізушілерімен тікелей келісімшарт жасау мүмкіндіктерін алдын ала пысықтады. Сауда және интеграция министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымы – «QazTrade» акционерлік ұйымы өзбек және тәжік серіктестерімен тиісті шарттарға қол қойды.

Көкөністер Қазақстан нарығына «жасыл дәліз» арқылы және делдалдар мен

алыпсатарларсыз тиімдірек бағамен жеткізілетін болады. 9 әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациямен жалпы көлемі 4 мың тонна болатын импорттық көкөніс атаулысын, оның ішінде, 2 060 тонна картоп пен 1 940 тонна пияз жеткізуге шарттар жасалды. Қазақстанның барлық өңірінің қажеттілігін қамтамасыз ету әрі маусымаралық кезеңде көкөніс бағасының ауытқуын болдырмау үшін Премьер-Министр әрбір келісімшартты уақытылы бекітуді, өнімнің үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Жалпы алғанда, жергілікті әкімдіктерге кезеңде 18,6 мың тонна картоп, 7,2 мың тонна сәбіз және 5 мың тонна пияз өніміне алдын ала келісімшарт жасау қажеттілігі күн тәрбінде тұр. Қазіргі уақытта қолда бар қор есебінен 81 мың тонна көлеміндегі көкөніс өнімі пайдалануға

берілді. Мұнымен бірге жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өткізу кезіндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау нәтижелері қарастырылды. Министрлік жыл басынан бері мүдделі органдармен бірлесіп, тауарлық үстем бағаны асырған 732 жайтты анықтап, 1 мыңнан астам әкімшілік іс қозғаған. Нәтижесінде 109 делдал ісіне шектеу амалы жүзеге асты.

Жалпы, жыл басынан бері баға белгілеуге әсер ететін 2,5 мыңнан астам тізбек қатарына сараптама жасалып, сауда, салық және монополияға қарсы заңнамаларды бұзудың 800-ден астам тәуекелі анықталды. Барлық анықталған фактілер бойынша ақпарат жедел шара қолдану үшін уәкілетті органдарға жолданды. Бақылау-фискалдық және құқық қорғау органдарын жұмылдыру арқылы өңірлік комиссиялардың қызметі қайта қаралып, күшейтілді. Үкімет басшысы кейбір тауарлар бойынша бағаның өсуі тіркелген Жамбыл және Абай облыстары әкімдеріне көкөніс бағамын тұрақтандыру шараларын күшейтуді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне бағаның өзгеруіне күн сайын талдау жүргізу, Ауыл шаруашылығы министрлігіне нарықты отандық өніммен сапалы әрі толық көлемде қамтып, агроөнеркәсіп кешені саласындағы өңдеу көлемін арттыру жөніндегі барлық жоспарланған шараларды іске асыру жүктелді.

Халықты сапалы әрі қолжетімді өніммен қамтамасыз ету – Үкімет пен жергілікті билік органдарының басты міндеттерінің бірі. Көпденен делдалсыз бағаға қатысты алаяқтыққа жол бермейтін тікелей жеткізілім қажет. Әкімдер құқық қорғау органдарымен бірлесіп, бұл маңызды мәселеде тәртіп пен ашықтықты қамтамасыз етуге тиіс, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сурет Премьер-Министрдің сайтынан

Бірлікті ту еткен эстафета

Қарағанды – талай өзге ұлт өкілдерінің басын қосып, ынтымақ-бірлікте өсіп-өркендеу жолында келе жатқан шаһардың бірі. Осы шаһарда түрлі ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Қуанышына ортақтасып, қиындығын бөліскен бір туған ағайындай. Олай деуімдіздің себебі, өткенде су тасқыны кезінде этномәдени орталықтың қызметкерлері гуманитарлық көмек көрсеткен еді. Осыдан-ақ пейілінің, ниетінің актығын аңғаруға болады. Бұл жолы Қазақстан халқы Ассамблеясының мұрындық болуымен Қарағандыда «Бірлік жүгірісі» эстафетасы өтті. Шараға дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді.

ERBOL ERBOLAT,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шара тек Қарағандыда емес, республиканың түпкір-түпкірінде өтті. Биылғы эстафетаға 150-ден астам қарағандылық қатысқан. Қатысушылар Қарағанды қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағына жиналды.

Бұл мейрам – елде ақымды түрде өткізілетін мерекелердің қатарында. Мейрамды тойлау мақсатында жыл сайын эстафета ұйымдастырылады. Күллі этнос өкілдерінің басын қосып, татулықты насихаттауды көздейді. Осындай шара

арқылы қазақ халқына деген құрметімді, бірлікте екенімдізді көрсеткіміз келеді. Әрі бір жағынан спортпен шұғылданду денсаулыққа да пайдалы, – дейді ұйымдастырушылар.

Эстафетаға ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері қатысты. Одан қала берді қала тұрғындары мен қонақтары, жастар да төбе көрсетті. Жарыс соңында қатысушыларға медаль мен грамоталар және естелік сыйлықтар табысталды.

Ел бірлігін, тұтастығын сақтау – міндет. Біз – көп ұлтты мемлекетпіз. Сондықтан, бізге ауызбіршілік аса қажет. «Бірлік бар жерде – тірлік бар», – деді об-



лыстық жауынгерлік самбо федерациясының Президенті Ержан Халил.

Эстафетаға қатысушылардың бірі – Владислав Сыроватский. Бұл эстафетаға алғаш рет қатысушы екен. Десе де, жас та болса, эстафета жалауын көтеріп, алдыңғы сапта жүрді.

Эстафета – өмірімдегі үлкен тәжірибе болды. Мұндай шараға қызығатындардың қатары көп екен. Үлкенді-кішілінің бәрі жиналғанда таң қалдым.

Біз өз мақсатымызға ұмтылған жандармыз. Эстафета да сол секілді. Шаршайсың, енгінесің. Бірақ, осы жолда бар күш-жігеріңді сарп етіп, жүрделі болуға асығасың. Сол сияқты біздің өмірде үлкен эстафета секілді. Бірақ, біз үшін осы бәсекеде жетістікке жету басты мақсат емес. Керісінше, мұнда рухы мықтылар жиналған, – деді Владислав Андреевич.

Еріктілер ерлеп тұр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен бастау алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы Қарағанды облысында сәтті жүзеге асуда. Акцияның кезекті «Өнегелі ұрпақ» апталығы аясында қарағандылық еріктілер мен белсенді тұрғындар жалғызбасты зейнеткерлер мен ардагерлердің үй жұмысына көмек қолын созып, елге үлгі-өнеге көрсетті.

Нақтырақ айтсақ, кеншілер шаһарында осы аптада қаланың жастар ресурстық орталығының еріктілері Ұлы Отан соғысының 101 жастағы ардагері Сұңғат Сақтығұловтың үйіне барып, оны келе жатқан Жәніс күнімен құттықтап, деніне саулық тіледі.

Біздің еріктілер ардагерге көмектесті. Ауласын тазалап, кіреберісін және по терін жуып берді. Қаламызда барлығы жеті ардагер тұрады. Апта соңына дейін еріктілер олардың барлығын қамтиды. Бір өкініштісі, Сұңғат Сәттіғұлов сияқты ардагерлер саны жыл сайын азайып барады. Жастарды ерліктің үлгісін көрсеткен ардақты ардагерлерімізге құрмет пен қамқорлық көрсетуге шақырамыз. Қан майданда жаумен жан алысып, жан беріскен және бізге бейбіт өмірді сыйлаған батырларымызды есте сақтау олардың ерлігін дәріптеу біздің перзенттік борышымыз екенін ұмытпайық! – дейді еріктілер.

Сұңғат Сәттіғұлов – ҰОС ардагері. Ол 18 жасында майданға аттанып, 1942 жылдың маусымында Сталинград маңындағы шайқастарға қатысты. 1943 жылы жара-



ланып, 1944 жылы қайтадан қаруластарының сапына қосылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсеткен ерлігі үшін мемлекеттік наградалармен, оның ішінде, II дәрежелі ҰОС орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталған.

Бұдан бөлек, Абай ауданында тұра-



басты зейнеткерді қамтимыз. Бірінің ауласына қыстан кейінгі тазалау жүргізсек, бірінің үй шаруасына қол ұшын береміз. Азық-түлік, су, отын және тағы басқа жұмыстар. Еріктілер қарттардың өтініштерін бұлжытпай орындайды. Зейнеткерлер оларға шын жүректен ризшылығын білдіріп, алғыс айтады. Акцияның соңына дейін жалпы 50-60-қа жуық еріктінің жұмылдыруды жоспарлап отырмыз, – дейді Абай ауданы Жастар ресурстық орталығының басшысы Әлия Әшімова.

«Таза Қазақстан» акциясы басталғалы бері Абай ауданында 228 гектар аумақ, 90 мың шаршы метр саябақ және аула аумағы коқкыстан тазартылған. 36 полигон жойылып, 3092 тонна қалдық шығарылды.

Сонымен қатар, 764 ағаш және 77 көшет егіліп, 8279 түп ағаш ектелген. 15 ескерткіш пен тарихи-мәдени маңызы бар стела жөнделіп, қалпына келтіріліпті.

«Өнегелі ұрпақ» апталығынан Шахтинск тұрғындары да қалыс қалмады.

Еріктілер, коммуналдық сала қызметкерлері және қарапайым қала тұрғындары зейнеткерлер мен ардагерлерге аулаларды тазартуға көмектесуді жалғастыруда.

Көмек алушылар қатарында тыл еңбеккерлері Галина Майорова мен Зоя Бородулина бар. Ардагерлердің ауласын белсенділер қоқыстан тазартып, арамшөптерін жұлып, ауласын абаттандырып берді. Шахтинск қаласы мен оған іргелес қалалардың белсенділері де бұл жұмысты жалғастырып, маңызды экологиялық акцияға өз үлесін қосып жатқанын айрықша атап айту керек.

Өз тілімізден

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ДЕНСАУЛЫҚ

Ұжымдық иммунитет бәріне ортақ

Еуропалық иммуноапталығы жыл сайын сәуірдің соңында әлемнің бірқатар елдерінде, соның ішінде, Қазақстанда да өтеді. Оның мақсаты – имундаудың маңыздылығы, вакциналардың тиімділігі жөнінде халықты хабардар ету. Өкінішке қарай, мамандар бүгінгі таңда екеннің кез келген түрінен бас тартатын ата-аналардың көбейгенін айтып отыр.

ЖАНСАЯ ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Апталыққа орай ұйымдастырылған баспасөз мәслихатына облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары, дін өкілдері қатысып, өз ойларын білдірді. Мәселен, департамент басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанованың айтуынша, қазіргі күні көптеген инфекциялық аурулар вакцинацияның арқасында таралмай, «бақылауда» тұр.

Вакциналар адамзатты көптеген аурулардан сақтады. Қазір де сақтап келеді. Бірақ, адамдар арасында бұл солай болуы керек сияқты, «екпесіз-ақ ауырмай жүрміз» деген пікір бар. Бұл – қате пайым. Сол себепті де бүгінгі таңда екеннің кез келген түрінен бас таратын ата-аналар көбейді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында ғана 1500 адам екпеден бас тартып отыр. Осының салдарынан облыста екпемен қамту деңгейі 90-91%-ға төмендеп кетті. Талап бойынша вакцинация деңгейі 95% бо-

дан тұратын осал топтарды қорғаудың тиімді құралы. Алайда, оны алуға болмайтын жағдайлар да кездеседі.

Екпеден бас тартуға аллергиялық, аутоиммундық аурулар себеп бола алады. Сонымен қатар, бала дәл сол сәтте ЖРВИ, тұмау немесе басқа да аурулармен ауырып тұрса, екпе салынбайды. Сондықтан, екпе алдында тіркелген емхананың учаскелік дәрігері баланы мұқият тексеруі керек. Қазіргі таңда қолданыстағы барлық вакциналар қатаң клиникалық сынақтардан өтіп, тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелденген. Олар ауыр асқинулар мен жұқпалы аурулардан болатын өлімнің алдын алуына көмектеседі, – деді Гүлжан Байгутанова.

Басқосуға айтылғандай, көпшілік ата-ана вакциналарға сенбегендіктен, діни сенімдер бойынша бас тартып, діни сенімдер бойынша бас тартып, бұл ретте қалалық әл-Машани мейітінің наиб имамы Қанат Рахметов ислам діні адам баласына жан саулығымен қатар, таң саулығына да мән беруге шақыратынын жеткізді.

Ислам діні денсаулыққа аманат деп қарап, салауатты өмір салтын ұстануға



Сурет ашақ.перхомуен

луы тиіс. Олай болмаған жағдайда ұжымдық иммунитет әлсірейді. Екпе алмаған адамдардың қатары артқан сайын инфекциялардың таралуы да өршиді. Ал, негізгі бірқатар жұқпалы ауруларды вакцинацияның көмегімен «басқаруға» болады, – дейді Гүлжан Жақтайқызы.

Спикер осы себептермен былтырғы жылдан бастап қызылшаның, кейін көкжөтелдің белең алғанын айтты. Соңғы деректерге сүйенсек, қызылша жұқтырғандар саны 2 мыңнан асса, 90-ға жуық адамның көкжөтелмен ауырғаны белгілі болып отыр. Бұл зертханалық тұрғыда расталды.

Вакцинация ағзаға белгілі бір вирустарға немесе бактерияларға қарсы имунитетті дамытуға көмектеседі, бұл оның ықтимал инфекциямен тиімді күресуіне мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда полиомиелит, қызылша, гепатит және басқа да қауіпті жұқпалы аурулардың дамуы мен таралуына жол бермейтін вакциналар қолданыста. Екпе – балалар, қарттар және иммунитеті төмен адамдар-

үйретеді. Қасиетті Құранда «Өздеріңді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салмаңдар», – деп келетін аят бар. Екеннің құрамы таз болса, оны салғызға тыйым жоқ, яғни, екпе алуға рұқсат етілген, – деді Қанат Серікұлы.

Қарағанды қаласының Михаило-Архангельский соборының иерейі Александр Подкова да дәрігерлердің айтқанына құлақ түру керек екенін тілге тиек етті.

Шіркеу вакцинация мәселесінде ешқашан қарсы болған емес. Бұл – діни емес, медициналық тақырып. Сондықтан, осы сала мамандарының пайымына ден қою керек. Бірақ, біз ешкімді күштеп келістіре алмаймыз. Сол себепті де өзін үлгі болуың керек деп ойлаймын. Сол үшін де екі баламың туганның барлық екпесі жасалған, – деді.

Медицина мамандары вакцинация құрамын сұрағандар үшін екпе кабинетіндегі дәрігерлер екеннің барлық нұсқаулығын, құрамын көрсетуі керек екенін айтты.

Иван ГЕОРГИАДИ:

Инновациялық ойлау игілікке бастайды



лыптастыруға ықпал етеді. Сөз соңында өңірдегі жас кәсіпкерлерге айтар ұсыныстарыңыз бар болар...

Толғауы мың тоқсаныншы жылдары еске алып өтелік. Өзім – кәсіпкер болған соң, насіпті қалай табу керектігін бір кісідей білетін жанмын. 90-жылдардың басында облыста көптеген өндірістік кооперативтер ашылды. Гиперинфляция және тауар тапшылығы жағдайында алғашқы кәсіпкерлер саудаға кірісті.

Уақыт өте келе кооперативтердің көпшілігі құлдырады, бірақ, олардың арасында қандай жағдай болсын, аман қалғандар да болды. Бүгінгі таңда шағын және орта бизнес саласында өңірдің әрбір үшінші ересек тұрғыны еңбек етеді. Айырма – жер мен көктей. Кәсіпкерлікті дамыту үшін 2000-шы жылдардың маңызы ерекше. Дәл сол кезде заңнамалық база құрылды. Бизнес пен билік арасындағы диалог жүріп, түсіністік пайда болды. Өндіретін өнім көлемі кемінде 50 есе өсті.

Қазір көптеген кәсіпкерлер онлайн-салтылымға және жеткізуге кетуде, оқытуда да онлайн-қызметтер көрсетіледі. Статистикаға сәйкес, кәсіпкерлердің мүдделері аймағында сауда басым – бұл барлық жұмыс істеп тұрған бизнестің 40%-ы, 14%-ы ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы – 11% және 6%-ы құрылысқа, өнеркәсіпке, көлік пен қоймаға, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға және т.б. Деректер не дейді? Кәсіпкердің жолы жеңілдеді. Ендеше ниеті де түзелуі керек! Қалғанының бәрі – іс бастаушының өз ықтиярында! Жас кәсіпкерге тек сәттілік пен ынта мен жігер тілейміз!

– Мазмұнды әңгімеңізге алғыс айтамыз!

Сұхбаттасқан, ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ «Ortalyq Qazaqstan»



бағдарламалары арқылы жас кәсіпкерлер мен стартаперге қаржылық қолдау көрсете алады. Бұл жас таланттарға өз бизнесін дамытуға және қаржылық жағдайын нығайтуға септеседі.

Ол болмаса, бизнесті басқару дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру бағдарламасы мен жобаларына инвестиция құя алады. Бұл бизнес мектептерін құруды, шеберлік сыныптарын, тренингтер мен конференциялар өткізуді қамтуы мүмкін. Инфрақұрылым мен платформаларды құру тұрғысында бизнес-инкубатор, технопарк, коворкинг кеңістігі және инновациялық орталықтар сияқты инфрақұрылымды құруға жәрдемдессе, қандай ганибет?!

Бұл кәсіпкерлерге қажетті ресурстарға, сараптамаға және байланыс желілеріне қол жеткізуге көмектеседі. Яғни, қолайлы кәсіпкерлік ортаны құруды аламыз. Атымтайларымыз бизнесті тіркеу рәсімдерін жеңілдетуді, бюрократиялық кедергілерді азайтуды және бизнес-ортада ашықтық пен заңдылықты арттыруды қоса алғанда, оңтайлы кәсіпкерлік ортаны құруға бағытталған саясатты әзірлеуге және енгізуге қатыса алады ғой. Енді осыны асықпай өрістеті берсе, бизнес-қоғамдастықты нығайтуға және оң қоғамдық имиджді қа-

– Кәсіпкердің мемлекеттен қолдау күтетіні белгілі. Ендігі модель қандай болмақ?

– Қазақстан тәуелсіздігін енді алған жылдардан бүгінге дейін кез келген кәсіптік ұйым тиісті қолдауды сезініп келеді. Әлбетте, бұл жақсы үрдіс. Бірақ, бұл белгілі бір деңгейде үйренісу психологиясының өрістеуіне де жол беретінін ескерген жөн. Әрбір кәсіп бастаушы жан алдымен өзі үшін сонан соң атамекеніне пайда тигізгені проматтық тұрғыдан да ұтымды стратегия. Яғни, түпсіз пайданы игерем деу жаңсақ ниет.

Осы бастан айтайын, асылында адамгершілік алғашқы капитал екендігін саналы жанның бәрі түсінбеуі мүмкін, алайда түйсінеді. Президент не дейді? «Басқа жұртқа қараңыздар. Көптеген елдің, тіпті, көрші елдердің өзінде ірі кәсіпкерлер мемлекетке алақан жаймайды. Керісінше, туған елін дамытуға өз еркімен қыруар қаржы жұмсайды. Осы елде көсібін жасап, байыған адамдар қара басының ғана емес, елдің де қамын ойлауға тиіс деп санаймын.

Олар жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре білуі қажет», – деді. Уақыт келді. Бизнестің бектері менен берендері, қабылан шері ерендері өсіп-өнді бұл күні. Бұған дейін олар көсібінің төрттағандап тұруына еш кедергі болмады. Болашақта олар нарықтың наркескендері болып ел үшін, атамекен жер үшін салым қосса Отанымыз гүлдене түседі деген ой тұжырамыз.

– Сонда түрлі істерге ұйытқы болып жүрген меценаттарымыз бен атымай азаматтарымыз аз деуге келе ме?..

– Жоқ, әсте олай емес. Жұртына жанапшыр жандар ортамызда баршылық. Бірақ, көбінекі мүндай істер жекелеген сипат алып жататыны да аян. Қазір инвестиция атуалысын ұрпағымыздың интелектісіне сарп етудің пайдасы көп-көсір. Мәселен, меценаттар мен демеушілер инвестиция, грант, стипендия немесе акселерация

мелуының тікелей бақылауында.

– Сонда, буржуазия бағдары нендей нәрселерге бұрылмақ?

– Бастабында жастар буын арасында еңбеккерлік пен кәсіпкерлік сияқты құндылықтарды ілгерілетудің маңыздылығына терең мән берілмек. Өзгеріс ойдан басталады. Тұтас ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қогамда білім мен инновациялық ойлауды жан жақты қолдау қажет. Қош, делік. Қолдау бар. Мемлекет ұғымының аясында енді бұл қамқорлық шеңберін заңмен тәртгіппен, әсіресе, әлеуметтік әділеттілік қағидаттарымен көмкеріп тастасақ, құба-құп.

Біз бизнеске әр республиканың әр азаматының жасампаз белсенділігіне бәс тігеміз. Табыс өлшемі адал еңбек, сыбайлас жемқорлық пен фаворитизмсіз ашық бәсекелестікке негізделеді. Осылайша кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ете отырып, қолайлы инвест-климат құрылады. Бұл орайда «әсте-әсте» ережесінің мәні терең. Президент 2019 жылғы Қазақстан Халқына Жолдауында бизнеске кез келген заңсыз кедергі мемлекеттік қылмыс ретінде қарастырылуы тиіс екенін атап өтті. «Жауапты адал бизнеске қысым жасау мүмкін емес.

Егер бұл заңсыз негізде орын алса, бақылаушы органдар мен құқық қорғау органдарын білдіретін адамдар қатаң жазаланады», – деді мемлекет басшысы. Демек, құқық қорғау органдары алаяқтықты, қаржы пирамидаларын, бюджетті ұрлауды азаматтардың мүддесін бұзатын қылмыстарды тергеуге назар аударуы керек.

– Құрметті Иван Владимирович, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы кәсіпкерлер қауымдастығының өкілдерімен жүзбе-жүз кездесіп жүретіндігін мәлімдеді. Аталған жайттың өзі салаға серпінді беретіндей. Сіздің құнтты көзқарасыңыз өңірден өмірге бет алған кәсіпкерлікті жорға аянынан жаңылдырмас үшін неден бастау қажет дейді?..

– Кәсіпкерлік облыста өз тұғырында аласармай келеді. Қазыналы Қарағандының бүгінде кәсіпкерлер аймағы деп мойындалуы әсте тегін емес. Мәселен, Саран индустриялық аймағы республикадағы бірқатар өңірлерге сарабал мысал ретінде көрініс беруі де көңіл қуантады. Сіздің сауалыңызға алып-қосарым бар. Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде «Бизнес өкілдері белгілі бір саладағы саясатты жетілдіруге қатысты стратегиялық бастама көтереді деп сенемін.

Олар экономиканың түрлі саласын дамыту туралы нақты ұсыныс айтады деп үміттенемін», – деп нақты пікір үстеді. Яғни, бұл тұрғыда кәсіпкерліктің мультипликативті әсер беруі үшін мемлекетшіл буржуазия қалыптасуы қажеттігін қаперге салды. Буржуазия – француз тілінен аударғанда капиталды иеленуші және осы меншіктен түсетін кірістер есебінен, оның ішінде кәсіпкерлік қызметтен түскен пайданы жарататын әлеуметтік тап. Мемлекет басшысының айтуынша, ұлттық буржуазия туралы кең түсінігін алғаш рет Давос экономикалық форумында көпшілікке таныстырылым жасаған. Бұл маңызды – мәселе Қасым-Жомарт Ке-

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Бюджет: әлеуметтік сала басымдыққа ие

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында жалпы ішкі өнімді жыл сайын кемінде 6%-ға дейін көтеру міндетін қойған болатын. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін биыл облыс экономикасын 2,5%-ға, ал, экономикалық өсу резервтерін ескере отырып, облыстың даму жоспарын 6%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр. Сөйкесінше, алға қойған мақсатқа сай, бірінші тоқсанда экономиканың өсу қарқыны 8,7%-ға жеткенін айту керек. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстың экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева мәлімдеді.

шамамен 167 млрд. теңге инвестицияланған.

– 5 шетелдік компания қатысуымен 122,2 млрд.теңгеге 10 инвестициялық кейс іске асатын болса, жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындары құрылады. Мысалы, Шет ауданында «Қызыл арай Купер» катодты мыс, Бұқар жырау ауданында «Қарағанды Пауэр Силликон» ферросиликоалюминий,

және Саран қаласында «ТАМПО Қазақстан» болат құбырлары өндіріледі, – дейді Татьяна Юрьевна.

Жоғарыда айтқан инвестициялық кейс іске асқанда Теміртауда кокс өндіріліп, Нұра ауданында арнайы кокс, ал, Саранда жарылғыш заттар шығарылады.

– Аталған кәсіпорындарда 4 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады. Биыл облыс экономикасына 910,4 млрд.теңгеден астам инвестиция салынады. Сондай-ақ, индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде «Qatmet» және «Қазақмыс» корпорациясы жауапкершілігі шектеулі серіктестерінің тұрақты жұмысының нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіптегі өсу қарқыны кемінде 5,6% сақтау жоспарлады, – дейді Татьяна Аблаева.

Мемлекет бизнесті қолдайды

Экономика өсімінің негізгі трендтерінің бірі – шағын және орта бизнесті қолдау әрі дамыту. Себебі, дәл осы сектор облыс тұрғындарының 45%-ын жұмыспен қамтып отыр.

Татьяна Юрьевна аймақтың республикада алғашқылардың бірі болып, облысымызда кәсіпкерлер үшін бөлшек салық 4-тен 2%-ға төмендеткенін айтады.

– Нәтижесінде 2023 жылы бөлшек салықтың арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер саны 148-ден 1 282 субъектіге дейін өсті. Бұл өз кезегінде шағын және орта бизнестің дамуына оң әсерін берді. Ал, осы салада жұмыс істейтіндердің саны 2,6%-ға өсіп, жылдық өнім көлемі 2,7 трлн. теңгеден асты. Егер өткен жылы осы салада өндірілетін өнім көлемі 19,7% болса, биыл 25%-ға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз, – дейді басқарма басшысы.

Одан бөлек, аталған саланы қолдау мақсатында өңірлік бағдарлама аясында «Кәсіпкер» бизнесті жылдық 7%-бен несиелендіру үшін биыл бюджеттен 3 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлінгенін айту керек. Нәтижесінде жыл басынан 13 млрд. теңгеге жуық несиеге 100-ден астам жоба субсидияланып, кепілдендірілді.

Бұдан басқа, жыл соңына дейін 1 248 жұмыс орны құрылатын және 124 ауылдық округ қамтылатын 5,6 млрд. теңгеге 704 шағын несие беру жоспарлады.

Басымдық – әлеуметтік салада

Басқарма басшысы облыс бюджетінің 80%-дан астамы әлеуметтік салаға және халық үшін қолайлы орта құруға бағытталған. Бұған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуі, тұрғын үй және жол инфрақұрылымының құрылысы кіреді. Одан бөлек, биыл білім беру жүйесін қаржыландыруға облыс бюджетінің жартысына жуығы жұмсалатынын айту керек.

– Биыл Бұқар жырау ауданы Атамекен ауылында және Қарқаралы ауданы Талды ауылында апатты мектептердің орнына 2 мектептің, сондай-ақ, Қарағанды қаласында 600 орындық мектептің және шығармашылық даму орталығының құрылысы жамаласады. Одан бөлек, «Жайлы мектеп» жобасы аясында 7100 орындық 10 мектептің құрылысы тағы бар. Жалпы, 2023 жылға дейін 12 500 орындық 18 мектеп салынады, – дейді Татьяна Аблаева.

Ал, денсаулық сақтау саласында өткен жылдан 92 жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттер құрылысы, сондай-ақ, Теміртау және Балқаш қалаларындағы екі ауданаралық аурухана жаңғыртылады.

– Бұл медициналық ұйымдар бірнеше аудандардың тұрғындарына қызмет көрсетеді, бұл шалғай аудандар мен ауылдардың тұрғындары үшін мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмектің қол жетімділігін қамтамасыз етеді, – дейді басқарма басшысы.

Құрылыс саласында жұмыстар мен қызметтер көлемі 1,5 есе өсімінен 59,3 млрд. теңгеден асқанын да айту керек. Жыл басынан бері тұрғын үйді іске қосу қарқыны 20,2%-ға өсіп, 177 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынған. Нәтижесінде 1 550 отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік алды.

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Саябақтың сәні кіреді

Теміртау қаласындағы Металлургия моно-ментінің жанында орналасқан «Бірлік» саябағын абаттандыру жұмысы басталды. Мұнда жаңа жарықтандыру тіректері, орындықтар, шағын архитектуралық пішіндер және субұрқақтар орнатылып, саябақ жаңаша түрленбек.

Аталған саябаққа өткен жылы «Бірлік» атауы беріліп, Теміртау қаласының гүлзарлары мен саябақтарын басқару балансына ауысқан-тын.

Биыл мердігер ұйым саябақты қоршап, субұрқақтарды бұзу және заманға сай жаңасын орнату жұмысын бастады.

– Аланда 20 жарық тірегі, орындықтар орнатылады. Жаңа төсеніш төселіп, ақсақалдар кеңесінің, Қоғамдық кеңестің, депутаттардың ұсынысы бойынша бейбітшілік, келісім және толеранттылық сияқты қазақстандық құндылықтарымызды бейнелейтін шағын сәулет нысандары мен барельеф орнатылады, – деп атап өтті Теміртау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айжан Шөкенова.

Шағын архитектуралық пішіндер ескі құнқағар құрпелердің орнына орнатылатынын атап өткен жөн. Бұдан бөлек, аланда жаңаша түрленетін субұрқақтар келесі жыл еншісінде.

– Сонымен қатар, аланда жаңа гүлзарлар бой көтереді. Өткен жылы күзде саябақтың аумағына кіретін үлкен сахнаны жөндеуден өткізді және онда бірқатар бұқаралық шара өткіздік. Болашақта «Бірлік» саябағы қала тұрғындарының басын біріктіріп, олардың көңіл көтеруі мен демалуына арналған ең негізгі мәдени орын болады деп үміттенеміз, – дейді бөлім басшысы.

13 мың шаршы метрден астам аумақты мамыр айының соңына дейін абаттандыру жоспарланып отыр.

Өз тілшімізден ТЕМІРТАУ

Салтават ІЛНІШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш тұрақты

– Жергілікті атқарушы органдар қызметіндегі негізгі басымдық – экономиканың өсу қарқынын жеделдету арқылы азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру. Облыста өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік және ауыл шаруашылығы саласында үлкен әлеует бар. Одан бөлек, экономиканың өсуіне «9-20-25» жаңа тұрғын үй бағдарламасын іске қосу және мемлекеттік сатып алуларға отандық өндірушілерді тарту да әсер етуде, – дейді Татьяна Юрьевна.

Басқарма басшысының айтуынша, облыстың жылдық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші тұрақты. Мәселен, 2023 жылғы жалпы өңірлік өнім 2022 жылмен салыстырғанда 0,1%-ға артық. Ал, биыл 138 млрд. теңге болатын 11 жаңа инвестициялық жоба іске қосылса, 23,3 мыңнан астам жұмыс орны құрылмек. Оның 21 мыңы – тұрақты жұмыс орны.

Жалпы, өңірлік өнімнің 50%-ы өнеркәсіптік өндіріске тиесілі. Атап айтар болсақ, жыл басынан осы салада өндірілген өнімнің жалпы құны – 843 млрд. теңге. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,1%-ға жоғары.

Өңдеу секторы да өнеркәсіптік өндірістен қалыс қалмағанын айтады Татьяна Аблаева. Мәселен, фармацевтика екі есеге, резеңке және пластмасса бұйымдары – 40,4%, машина жасау – 39,7%, жеңіл өнеркәсіп – 33,3%, құрылыс индустриясы – 11,2%, металлургия – 7,7%, ал, химия өнеркәсібі – 4,7%-ға артық. Тау-кен өндіру секторында металл кендерін өн-



Инфографика жасаған А. Рақыжан

діру 29%-ға және қызмет көрсету 48%-ға өсуі байқалады.

10 инвестициялық кейс іске асады

Облыс экономикасын арттыруда инвестицияның да орны бөлек, атап айтар болсақ, жыл басынан негізгі капиталға 19,4% өсімінен

«Онайтед Энерджи Қазақстан» жел энергетикалық мұнараларын және Қарағанды қаласында «Феррум бетон Продактс» темір-бетон бұйымдарын шығарады. Одан бөлек, «Саран Тракс» жүк автомобильдерін, «Қазақстандық ыстық мырыштау зауытында» мырышталған металл бұйымдары



Берік ТӨЛЕУБАЕВ:

МӘМС болмаса, қазіргі технологиялар болмас еді

Медициналық сақтандыру төлемдерін аудару азаматтарға медициналық қызметтің сақтандыру пакетін пайдалануға мүмкіндік береді. Медициналық сақтандыру пакеті тегін көмекке қарағанда ауқымды, қуны қымбат технологияларды қамтиды. Десек те, соңғы кезде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көңілі толмайтындар көбейді. Бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше мәрте қозғалды, Үкімет те салаға реформа қажеттігін мойындап отыр. Бүгінгі күнге дейін МӘМС не берді? Егер ол болмаса қазақстандықтар қайтпек? Осы мәселе төңірегінде Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың жарақат орталығының жетекшісі, хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі Берік Төлеубаевпен сұхбаттастық.

– Бүгінгі таңда отандық медицина қарқынды дамуда. Бұрын болмаған оталар жасалып, жаңа технологиялар қолданысқа еніп жатыр. Мәселен, жақында республикада алғаш болып тобық буынын алмастыру операциясы жасалды...

– Иә, елде бірінші болып мұндай отаны біздің аурухана жасады. Бұл – жаңа технология. Мамандарымыз шетелге барып оқыды. Әдісті жетілдіру үшін арнайы ресейлік мамандарды да шақырдық. Қазіргі уақытта мұндай ем алғысы келетіндердің тізімі жасалып жатыр. Сонымен қатар, биыл сколиозы бар балаларды эндокорректормен емдеу әдісі енгізіледі. Бұл елімізде жасалады, бірақ, біздің облыста қолданылмаған. Қарағандылықтар өзге өңірлерге бармасын деп, бұл әдісті де енгіземіз. Сколиоз – кең таралған ауру. Әрине, оның ота жасау керек және отасыз-ақ емделетін түрлері бар. Емханаларға осындай ота жасалатыны туралы хабарлаймыз, қатысқысы келетіндерді шақырамыз.

– **Травматологиялық көмек өте ауқымды. Адамдар өндірісте де, күнделікті өмірде де, жол-көлік оқиғасы кезінде жарақаттанып жатады. Оның барлығына көмектесе аласыздар ма?**

– Аурухананың жарақат орталығы барлық сынық түрлеріне халықаралық деңгейде көмек көрсете алады. Жақында Греция азаматы болды. Алдында Францияда емделген екен, дұрыс болмаған соң, бізге келіп, ақылы түрде емделіп кетті. Алыс-жақын шетелден науқастар жиі келеді. Біздің аурухананың бір ерекшелігі мұнда балаға да, ересек адамға да көмек көрсетіледі. Ертеңге дейін басқа жерден балалар маманының келуін күтіп отырмаймыз, мерекелерде де солай.

Тағы бір ерекшелігіміз ретінде егде жастағы науқастарға көмек көрсету мүмкіндігін айтуға болады. Бұл өзі – емделуі қиын категория. Жарақат алған қарт науқастардың әдетте, созылмалы аурулары бар, емделмесе, асқын қаупі зор. Ота жасалмай, жатып қалса, басына қан құрық бармайды, пневмония пайда болуы мүмкін. Жатып қалған адамды күту керек болады, мұның барлығы – артық шығын. Эндопротездеу жасалса, ертеңіне-ақ жүре бастайды.

– **Мұндай науқастардың қатары көп пе?**

– Жамбас ұршық басы сынып, оны



алмастыратын 200-ден астам ота жасалады. Бұл – бір жылдағы ота саны. Дәл сондай сынықтарға ерекшелігіне қарай гамма шеге қоямыз, жылына ондай 600-ге жуық науқас тіркеледі. Бұдан бөлек, полижарақаттар, жол-көлік оқиғасы салдарынан болатын жарақаттар бар қаншама.

Тізе буынын алмастыру бойынша жылына 1000-1200 адамға операция жасалады. Бірнеше тесік арқылы тізе мен бұғана, иық буындарына жасалатын ота бар. Бұдан бөлек, бұрын жасалған протез қозғалып, ауыратын болса, оны алмастыратын операциялар да жасалады. Бұл да технологиялық жағынан қиын ота саналады. Ауырсыну басылмайтын болса, радиожиілікті абляция отасы қолданылады. Тілмей, арнайы инені пайдалану арқылы рентген аппарат бақылауымен, жамбас пен тізе буындарының жүйке талшықтары күйдіріледі. Осының әсері 5-7 жылға жетеді. Сүйек деформациясы, үлкен бақай жанындағы «шишканы» алып тастау, бір аяғы қысқа болған жағдайды да емдейміз. Біздің мамандар барлық технологияны арнайы барып оқиды, халықаралық, республикалық конференцияларға қатысып, біліктілігін арттырып отырады.

– **Бұл технологияларды енгізуде медициналық сақтандыру жүйесінің әсері бар шығар?**

– Медициналық сақтандыру қаража-

тының арқасында шетелдік, заманауи технологияларды қолдану мүмкіндігі артады, операция жасау саны да айтарлықтай өсті. Әр ота медициналық бұйымдарды қажет етеді. Оның барлығы шетелден әкелінеді. Жамбас ұршығын алмастыру отасы бұрын жасалмаса, қазір 200 адамға ота жасалады деп айттым. Бұрын ауырсынуды басатын укол салып, үйіне жіберер салатын. Қазір емдейді, орапациялық

мануляция жасайды. Бұл жерде қолданылатын әр имплант ақша екенін ұмытпау керек. Медициналық ұйымдар көмек ауқымын арттырған сайын қаражат талап етіледі. Бірақ, ол технологиясыз адамның өмір сапасын жақсарту мүмкін емес. Ал, ол дегеніміз не? Ол – мүгедектігі азайту, өмір сүру жасын ұлғайту, қалыпты өмір сүру мүмкіндігін беру деген сөз. Барлық дамыған елдер үшін өмір сүру жасының ұзақтығы ел дамуының көрсеткіші саналады. Біздің қызмет дәл осы факторға ықпал етеді. Жалпы, денсаулық сақтау саласына бөлінген қаражат нәтижесі бүгін-ертең көрінбейді. Ол ұзақ мерзімге бағдарланған саясат. МӘМС бізге осы технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. Соның арқасында өмір сапасы жақсарыды.

– **Олай болса, халық арасында медициналық сақтандыру жүйесіне көңілі толмайтындар неге көп?**

– Бұл қоғамның ақпараттандырылуының төмендігімен, білімділігіне байланысты деп ойлаймын. Адамдар мектепке не үшін барады, мысалы? Бұрын мектепсіз-ақ өмір сүрді ғой. Ал, қазіргі заманда мектепке бармаса болмайды. МӘМС те сол сияқты, ол денсаулық сапасына керек, оның қазіргі технологиялардың бірі де болмайды. Батыста мұндай медициналық көмек әлдеқайда қымбат. Ол жақта технология өте қымбат, сөй-

ресінше медицинасы қымбат. Кейде қарапайым адамдар үшін қолжетімсіз. Біздегі аударымдар аз.

Науқастармен сөйлескенде, неге сақтандырылмадың десек, біреуі білмеген, естімеген, бірі «маған ондай болмайды» деп жүрген. Сақтандырылмаған адам үшін КТ, МРТ ақысы ай сайынғы аударымнан асып кетуі мүмкін. Саналы түрде төлем жасайтындар аз.

– **Президент те, тиісті ведомство да жүйені реформалау қажеттігін айтты. Бұл ретте түрлі ұсыныстар да жоқ емес. Мәселен, көлік жүргізу құқығын шектеу, ішімдік ішіп, темекі тартатын адамдар үшін төлем көлемін арттыру сияқты. Бұған қалай қарайсыз?**

– Бұл мәселені жан-жақты қарастыру керек. Адам алкогольдік ішімдік ішті деп оған көмек көрсетілмей қалмайды ғой. Біздің мемлекет ішімдік ішуге тыйым салмайды. Егер олай болса, оны сатуға да тыйым салу керек, әділетті болуы үшін. Бұл адамның құқығымен шектесетін мәселе. Медициналық ұйымдарда темекі шегуге болмайды, басқа жерде оған ештеңе дей алмаймыз. Оның үстіне, науқас түскен кезде оның темекі тартқаны-тартпағанын анықтау қиын. Әскери медицинадағы хирургияда жауынгер де, генерал да – бір. Реформа жасалса, анық, түсінікті, қарапайым болуы тиіс.

– **МӘМС жүйесін алып тастау мүмкін бе?**

– Қоғам эмоцияға берілгіш болып кеткен сияқты. Кез келген мәселені өткіз қабилдәйды. Медициналық сақтандыру жүйесін алып тастағаны келетіндер көп қазір. Оның орнына не келетіні түсініксіз. Қаржыландыру азайса, қазіргі технологиялар болмайды. Яғни, ем ақысын өз қалтасынан төлейді немесе мемлекет төлейді. Халық бұған дайын болуы керек. Бірақ, әркімде қаражат бар деп айта алмаймын, мемлекет үшін де бұл қиын болады. Қазіргі жүйе барынша әділетті, «ақша науқастың артынан жүреді». Науқас стационарға жатса, ол үшін ақша сол медициналық мекемеге түседі. Қоғамның осал топтарының барлығы – мүгедектер, қарттар, білім алушылар, бала күтімі демалысында отырған аналар мен балалар қорғалған. Барынша ойластырылған жүйе дер едім. Мәселе – өз-өзіне жұмыс істейтіндерде. Олар кейде төлейді, кейде төлемейді. Кезінде Ленин айтқандай, бір қоғамда тұрып, оның нормаларынан еркін болу мүмкін емес. Қоғам алдында қандай да бір міндеттеме болады. Бұл – жауапкершілік. МӘМС-тің өзі – жауапкершілік жүйесі туындаған жүйе.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан
Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет автордан



Президент тапсырмасын орындай отырып...

• БРИФИНГ

Академияға құжат қабылданады

Биыл Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік қызметшілерді даярлауға магистратураға – 120, докторантураға – 12 грант бөлінді. Оқу құжаттары 26 маусымға дейін қабылданады. Одан бөлек, биылдан әскери қызметшілер мен құқық қорғау органы қызметкерлері де аталған оқу орнында даярлауға өте алатынын айту керек. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте академияның Қарағанды облыстық филиалының өкілі Серікжан Байбосынов осындай ақпаратпен бөлісті.



Сурет ашық дереккөзден

Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Академияға мемлекеттік қызметте жұмыс өтілі бар азаматтармен қатар, модульді оқыту бағдарламасына квазимемлекеттік, кәсіпкерлік бизнес секторындағы және қарапайым азаматтар да оқуға түсе алады.

– Биыл – академияның мерейтойы. 30 жыл ішінде оқу орнын мыңдаған түлектер бітірді. Бүгінде олардың көпшілігі жоғары саяси, атқарушы және заң шығарушы органдарда қызмет етеді. Биыл құжаттарды қабылдау 26 маусымға дейін жалғасады. Келесі кезең 29 маусымға өтеді. Яғни, онлайн режимде аналитикалық эссе жазу керек болады. 1-20 шілде аралығында академия қабырғасында әңгімелесу өтеді. 22 шілдеде аралық қорытындылар шығарылады, ал, 5 тамызда жалпы қорытынды шығады, – деді Серікжан Байбосынов.

Магистратураға түсетін үміткерлер үшін мемлекеттік қызметтегі ең төменгі еңбек өтілі кемінде – 2 жыл, докторантураға кемінде 5 жыл болуы тиіс. Қабылдау комиссиясына үміткер басшысы қол қойған мемлекеттік органның жолдамасы, жеке басын куәландыратын құжаттың, сондай-ақ, қосымшасы бар жоғары білім туралы құжаттың сканерленген нұсқасы тапсырылады. Бұл – магистратураға түсетіндер үшін. Ал, докторантура үшін қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың көшірмесі қажет.

Серікжан Байбосынов ВІ деңгейінен төмен емес мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін растайтын Qazaq Resmî Test сертификаты немесе «Қаз-тест» болуы міндетті екенін айтады. Ал, «Мемлекеттік басқару» және «Халықаралық қатынастар» магистрлік бағдарламаларына, «Экономика», «Халықаралық қатынастар» және «Мемлекеттік басқару» докторлық бағдарламаларына ағылшын тілін білетіндігін растайтын сертификат қажет. Егер бұрын мемлекеттік қызметші шетелде ағылшын тілінде оқыған болса, сертификат тапсырудың қажеті жоқ.

– Мемлекеттік қызметшілер үшін жұмыс орнынан кадр қызметі растаған қызметтік тізім керек. Ал, өзге үміткерлер еңбек қызметін растайтын құжат тапсырады. Докторантура үшін – Research proposal, яғни, зерттеу жұмысы жоспарының жобасы міндетті түрде болуы тиіс, – дейді Серікжан Байбосынов.

Құжаттарды тапсыру кезінде ЭЦҚ қойылған өтініш керек болса, шетелдік азаматтар үшін арыздың сканерленген көшірмесі жеткілікті. Құжаттар академия admission.apa.kz сайтында онлайн-форматта қабылданады.

Серікжан Байбосынов академияға қабылдау кезінде қоғамды өркендетеміз, экономиканы дамытамыз деген мамандарға баса ден қойылатынын, талантты әрі дарынды кадрларды тартуға үлкен мән берілетінін айтады.

Академияға сайланбалы ауыл әкімдері грантка үміткер бола алмайтынын айту керек.

Қыр қазағы неге алаң?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өлекседен тарайтын инфекция сан мың

Ауыл шаруашылығы малдарының арасында індет тарағаннан кейін дабыл қақпай, сол ауруды болдырмаудың алдын неге алмасақ? «Ауыл шаруашылығы малдары неге жұқпалы індетке шалдығады?» деген сұрақтың шешімі әлі күнге табылмады.

Мал арасында жұқпалы індеттің таралуының басты себебі мынада. Бірінші – зоогигиеналық ереженің сақталмауы. Екінші – зоотехникалық талаптың жоқтығы. Үшінші – ветеринарлық бақылаудың (қадағалаудың) өз деңгейінде жүргізілмеуі. Бұндай кемшіліктің етек алуы жоғары басшылық қызметте отырған шенділердің салғырттығынан. «Реформа жасаймыз» деумен күн өтіп, ай айналып, жыл жылжып өтіп жатыр. Ветеринарлық комитетте отырған шенділер реформа жасап, өзгеріс енгізуді қаржы мәселесін шешсе болды деп ойлайды.

Республика бойынша ветеринарлық зертхана жұмысын жандандыруға биыл бюджеттен 3,8 миллиард теңге бөлініпті. Мақсаты – заманауи талапқа сай құрал-жабдықтар сатып алу. Мәселе жеңіл қаржыланды алауда емес. Ветеринария саласын тығырыққа тіреп тұрған жағдай ветеринария саласы мамандары-



ның білім деңгейінің төмендігі және өндірістік іс-тәжірибенің жоқтығы. Сөздің нақты шындығын айтсақ, ветеринария саласының мамандары супермаркет сауда орталығының қызметкерлері сияқты. Жұқпалы індеттерге қарсы, алдын алу шараларына бөлінген қаржыны игерсе, болды.

Ветеринария саласы бойынша реформаны ауылдан бастау керек. Мемлекеттік бюджет есебінен ауылды жерде ветеринарлық пункт жанында мал қамалатын шарбақ және мал соятын алаң, өлексе шұңқыры талапқа сай болуы шарт. Қазіргі ауыл ветеринарларының қолында тұртер-

ге инелері жоқ. Сонда қалай індетке шалдыққан малды емдейді? Тек малдан қан алып, зертханаға өткізумен ғана шектеліп отыр, – дейді Аспандияр Сейсенов.

Ашық ресурстағы мамандар пікіріне жүгінсек, барлық малдың өлекесі топырақты, ауаны сөзсіз ластайды. Сөйтіп, індет таралуына себепкер болады. Мәселен, жұқпалы аурумен өлген мал өлекесі мен ішкі ағзаларында патогенді микроорганизмдер ұзақ уақыт сақталып екен. Атап айтқанда, өлекселерде туберкулез коздырғыштары 500 тәулік, листериоз коздырғыштары 160 тәулікке дейін тірі жүреді дейді деректер.

Сурет ашық дереккөзден

• АКАДЕМИК АРЫҚТАЙ ҚАЙЫПОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ

Үлгіден шыққан академик

Көшпелі қазақ жерінде 1914 жылы қазан айының 10 жұлдызында кішкене Қарақұдық деген ауылда Қайып ақсақалдың отбасында ер бала өмірге келеді. Есімі Арықтай деп аталады. Қарақұдық ол кезде Павлодар облысы Баянауыл ауданының үшінші ауылы атаныпты. Қазір «Қайыптың Қарақұдығы» деген атпен Үлгі ауылынан 7 шақырым жерде Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданына қарайды.

Қысы қарлы, суық, жазы жаңбырлы, ыстық. Еріген қар суы Өткелсіз өзеніне құяды. Табиғаты бай, еріген қар суы бүкіл жазыққа жайылып жататын көрінеді. Сулары аққайраң балыққа толы, жайылымы мен шабындығы жайқала өскен түрлі өсімдіктермен жер бетін әрлендіре түсетін. Сай-саласы толған итмұрын, қарақат, бүлдірген болатын. Ну тоғайлы, ақ қайыңды ормандар да жақын жерде, бір жер жәннати дерсіз.

Ел іші жиі қоныстанған Үлгі ауылына жақын Қарақойтас деген жерде 1926 жылы мектеп ашылады. Бекмағанбет деген сыйлы ақсақал екі бөлмелі үйінің төр бөлмесін мектепке босатып береді. Мектепке алғашқы оқушылар жинала бастайды, олар – Сламбек Алтайбеков, Қызыл Соқыров, Ахмедия Кулов, Ахмедия Әлгожин және Арықтай Қайыпов. Мектепке мұғалім болып Баянауылдан Қали Жетпісбаев келеді. Ауылдағы сауаттандыру сатысындағы төрт кластық мектепті бітірген соң, білімге құмар Арықтай Қайыпов Павлодарға сапар шегеді. Ауылынан Павлодарға дейінгі аралыққа (400 шақырым) бірде жаяу, бірде кездескен көлікпен жетеді.

Павлодардағы педагогикалық техникумның үш жылдық бағдарламасын бір жылда тәмамдайды. Томск қаласындағы татар педагогикалық техникумында оқиды. 1931-1932 жылдары Семейдегі геологиялық барлау жұмысшылар факультетінің үшінші курсына оқиды.

1933 жылы геологиялық барлау институтына оқуға түседі. Ол оқу орны 1934 жылы Қазақ тау-кен металлургия инсти-

туты болып қайта ұйымдастырылады. 1939 жылы осы оқу орнының геологиялық барлау факультетін үздік бағамен бітіреді. 1936-1939 жылдары геологиялық партиялар басшысы болады.

1943 жылы Қаныш Сәтбаевтың шақыртуымен Қазақстанның геология институтына кіші ғылыми қызметкер болып келеді. ҚарГМИ-ге педагогикалық кадрлар дайындау үшін аспирантураға шақырылады. Оқытушылық қызметпен қоса, 1943 жылдан бастап, геология институтында ғылыми жұмыстармен айналысады.

Арықтай Қайыпов 1943 жылы Республиканың басшы органдарының тапсырмасы бойынша тым қысқа мерзім ішінде Үлкен Алматы өзенінің аңғарында геологиялық, гидрогеологиялық және геоморфологиялық тексеру жұмыстарын жүргізді, ол жерлерде шағын гидростанциялар (№6, 7, 8) каскадын салу кезінде зерттеулері пайдаланылғаны белгілі.

1944-1946 жылдары Орталық Қаратаудағы Тұрлан кен орнында ғылыми жұмыстар жүргізіп, нәтижесінде бұрыннан кен денелері кездеспейді деп есептелетін жер қыртысынан жаңа кен түрлерін тауып, көп жылдар бойы Ащысай руднигінің тоқтаусыз жұмыс істеуіне мүмкіндік жасады.

Осында жинақтаған ғылыми деректер материалдары 1946 жылы өзі қорғаған кандидаттық диссертацияның негізі болды.

А.Қайыповтың көп ғылыми жұмыстары Кенді Алтаймен байланысты болды. Зырян-Бұқтарма кенді ауданының оларға



дейінгі жинақталған геологиялық материалдарын мұқият қарап, солардың негізінде металлогениялық болжам картасын жасады.

1955-1960 жылдарда А.Қайыповтың тікелей қатысуымен және басшылығымен Оңтүстік Жоңғар сілеміндегі Жоңғар-Текелі-Көксу кенді аймағын зерттеу жанжақты қолға алынды.

А.Қайыповтың өзі және тікелей қатысуымен екі жүзден астам ғылыми жұмыстар жазылды, олар негізінен табиғатта кен көздерінің пайда болу теориясын жанжақты қарастырды.

Ол геология саласында инженер және ғылыми кадрлар дайындауда белсенді жұмыс істегендердің бірі, көптеген аспиранттар мен өз бетімен диссертация қорғауға талаптанған жастардың жұмыстарына ғылыми басшылық жасап, үлкен көмек көрсетті. Оның басшылығымен 36 кандидаттық, бір докторлық диссертация қорғалды.

А.Қайыпов 1964 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. 1966 жылы – профессор, 1971 жылы Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер атағы беріледі. 1985 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанады.

Ол докторлық диссертация қорғау кеңесі төрағасының орынбасары, кандидаттық диссертация қорғайтын екі бірдей Кеңестің мүшесі, металлогениялық болжау карталарының монографиялар мен ғылыми мақалалар жинақтарының авторы. Қоғамдық өмірге де белсене қатысқан, оның ғылыми және қоғамдық еңбегі үкімет тарапынан бағаланып, Халықтар достығы орденімен, басқа да орден, медальдармен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1972 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының толық мүшесі-академигі болып сайланады.

А.Қайыпов – Қазақстан ғылымының негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың шәкірті. Қаныш Имантайұлы оған үлкен сенім білдіріп, ғылыми жұмыстарынан көп үміт күткен.

Арықтай Қайыпов 1989 жылы Қаныш Сәтбаевтың 90 жылдық тойынан Баянауылдан қайтарында Үлгі ауылындағы немере інісі Қырбас Құлова соғады. Еліне, жеріне келген Арықтай аға ел жағдайын сұрап, үлкен әңгіме бастайды. Сөз арасында Қылыш Бабаев совхозының директорымен жолыққысы келетінін айтады. Ол кезде совхоз директоры мен едім.

Маған хабар тиген соң кешікпей келіп, сәлем бердім. Ел жағдайын, келешектегі жұмыстарды сұрады. Мен тиісінше жауап беріп отырдым. Бір уақытта: «Қарағым, менің туған жерім – Үлгі ауылынан 7 шақырымдай жер, екі орта мидай жазық. Қар суымен таситын Ақсу-Өткелсіз өзендерінің суы жайылып, көп уақытта дейін өткел бермей жатады, кейін сула-

ры сай-салаға ағып кетеді. Сол босқа далаға ағып кеткен суды пайдаланып, осы екі арадағы 1000 гектарға жуық болатын жерді лиманды суландыру тәсілімен суландыруды ойластыру керек», – деді.

Қарағанды гидротехникалық жобалау институтымен келісім-шартқа отырып, жоба-металдық құжаттаманы бітіру керектігін айтты. Жобалау институты бұл үлкен ауқымды жоспарды бітіру үшін екі жылдай уақыт керектігін, себебі де белгілі, айлық еңбекақыларын ала алмаған мамандар жұмыстан кетіп жатқан көрінеді. Екі жылда біткен жоба іске аспай қалды. Совхоздар мен колхоздарды жекешелендіру науқаны басталды.

Арықтай ағаның әкесі Қайып ақсақал Үлгі ауылында тұрды. Түске қарай үйінің алдында күнге қыздырылып отыратын. Балалар жиналып барып, сәлем беріп, қызықты әңгімелерін тыңдайтынбыз. Қайып ақсақал 1950 жылдардан кейін 100 жастан асып қайтыс болды.

Арықтай Қайыповтың ата-бабаларының Сарыарқа жеріне келуі туралы бірер сөз. 1722-1730 жылдары тарихта «ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен жоңғарлармен болған соғыста, көшпелі қазақ елі соғыстан жансақтау үшін мекенжайларын тастап, тау-тасты, орман-тоғайларды паналап кетеді. Сондай жағдайдың бірінде Олжабай, Сәтидің жігіттері үлкен бір көшке кездеседі. Бұл көшті Кіші Жүздің Телеу ұрпақтары екен. Бұл көшті Сарыарқа жеріне әкеліп, жарты бөлігін Айдаболдың Жанқозысына, екінші бөлігін Қаржастың Алтайнұры руына бөліп, жер беріп, туыс болып, ағайында-сып кеткен екен.

Жеңіс ШӘДЕТОВ,
Бұқар жырау ауданының
Құрметті азаматы

• МӘСЕЛЕ

Арықтайдың аты ардақталса...

Павлодар облысы Баянауыл ауданының бұрынғы Қаныш Сәтбаев және Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Қылыш Бабаев атындағы кен-шарларының жері көршілес, қатар жатыр. Бұл өңірлер патша заманында Баянауыл сыртқы округінің, кейін Кеңес өкіметі кезінде осы аттас ауданның құрамына еніп, тек 1938 жылы Ворошилов (Ульянов, қазір Бұқар жырау) ауданы құрылғанда ғана іргелері ажыраған. Бірақ, осы аймақтың халқы өздерін әлі күнге дейін «баянауылдықпыз» дейді. Сондықтан да екі аудан ғана емес, бүткіл қазаққа ортақ тұлғаларды «Жақсыға әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, көбінесе Баянауыл жағы иемденіп алады. Биыл осы топырақтан шыққан екі тұлға ғалымның мерейтойлары тұспа-тұс келіп отыр. Бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл болса, екіншісі – оның шәкірті, жерлесіміз, академик Арықтай Қайыповқа да 110 жыл толмақшы.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл басынан бері еліміз көлемінде Қанағанның мерейлі жасын атап өтуге байланысты түрлі шаралар қолға алынып, қызу жүргізілуде де, Арықтай ағамыздың есімі атаусыз қалып бара жатқаны алаңдатпай қоймайды. Тегінде ол алып ағасының тасасында қалатындай тұлға емес. Оның да республикамыздың өсіп-өркендеуіне қосқан ғылыми еңбегі мен үлесі өлшеусіз. Бүгінгі әңгімеміздің де Арықтай ағамызға арналып отырғаны да содан...

Арықтай 1914 жылдың 10 қазанында қазіргі Бұқар жырау ауданы Үміткер ауылдық округінің Үлгі ауылындағы Қарақұдық деген жерінде Қайып ақсақалдың шаңырағында төрт ұлдың кенжесі болып дүниеге келген. Оның тете ағасы Қаратай Қайыповтың өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетінде журналист болғанын оқырмандар жақсы білуі тиіс. Бұл араны жұрт әлі күнге «Қайыптың Қарақұдығы» деп атайды. Кіші Жүз – Жетірудың Телеуіне жататын бұлардың аталарын қалдағы ата қонысқа қайта ауғанда бірде ерте келіп, осы жерден орын берген екен.

Бала Арықтай әуелі ауылындағы Қарақойтас тауының бөктерінде ашылған бастауыш мектепте оқып, білім алады. Сол кезде ауылы аралас, қойы қоралас Қаныш ағасын алғаш рет көреді. Өзі ол туралы «Қаныш аға» естеліктер кітабында (Алматы, «Жазушы», 1989 ж.) былай деп жазады: «1926 жылдың жазында Тұзаяққа да отырғанда Имкең (Қаныштың әкесі Имантай) бастаған жиырмадан астам салт атқа мінген қонақтар Өбдінің «қарашаңрағым» деп, біздің үйге түсті. Өбді – біздің бесінші ағамыз. Бұлардың ішінде Қаныш, оның ағасы Газиз болды». (303-бет).

Одан әрі ол Қаныштың түр-тұлғасын сипаттап, Ресейде оқып, инженер болып келген оны көруге көрші ауылдардан адамдардың келгенін айтады да, естелігін «...Сол бұлақтың басындағы қоғалға қонақтар мен ауыл ақсақалдары алқакотан отырып, жас инженер Қаныштың жер туралы, оның байлығы туралы болу керек, әңгімесін аса ынтымақтаумен тыңдағандары да, кейбіреуінің таң қалып, таңдай қаққанда-

ры да, Қанекеннің қолына ұстап отырған бір түйір қара тас та әлі есімде» деп жалғастырады.

Міне, сол сәттен бастап, Қайыптың қаршадай ұлының көкейінде «Қайтсем де осындай инженер боламын!» деген ой тұрады. Сол арманның жетегімен Баянауыл мен Павлодар қаласында оқып, мектебін бітірген бозбала 1934 жылы Қазақ кен-металлургия (қазір политехникалық) институтына оқуға түсіп, 1939 жылы оны ойдағыдай аяқтайды. Солардың біразы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы құрамындағы геологиялық секторына жолдама алып, соның ішінде Арықтай Қайыпов та болды. Ол бірден Шұбартау геологиялық партиясының басшылығына жіберіледі. Кейін осы сектордың негізінде геологиялық зерттеу институты ашылып, оны ширек ғасырдай Қаныш Имантайұлы басқарады.

Бұл кезде Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, түгел ел «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін!» ұранымен еңбек етіп жатқан. Қанағ бастаған Қазақстан ғалымдарының қажыр-қайратының арқасында жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы бізде жасалғаны осы жылдар.

Ал, Арықтай ол жөнінде жоғарыдағы естелігінде «Бұл кезде мен басқа жұмыста болсам да, Қанекен басқарған институтта не істеліп жатқанын біліп жүрдім...

...Осы сөз болып отырған геология институтына 1943 жылдың март айында келіп, кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналастым. Алғашқы кездесіп, сөйлескеннің өзінде-ақ Қанекен менің келешектегі геологиялық ғылым саласындағы жолымды, істейтін ісімді белгілеп бергенді. Қазақстанның алдымен түсті металдарға (қорғасын, мырыш, мыс, т.б.) байлығын, бұл салада толып жатқан проблемалар барлығын, осындай металл кендері көп Алтай, Жоңғар Алатауы, Қаратау аймақтарын айта келіп, Қанекен маған полиметалды (қорғасын, мырыш, т.б.) кендерді зерттеумен шұғылдануыма ақыл берді. Сондағы Қанекеннің көрсеткен соқпағымен әлі жүріп келеміз...

Осы полиметалды аймақтардың ішінен Қанекен алдымен Қаратаудағы кен орындары, Ащысайды зерттеуді жөн көрді» деп жазады.



Сол сәттен Арықтай Қайыповтың ғылыми жолы басталады. Ол 1939 жылдан өзі оқыған Кен-металлургия институтының ассистенті, аспиранты болып, сол 1943 жылы оның аспирантурасын бітіреді. Содан қашан 1993 жылдың 25 желтоқсанында өмірден өткенінше Қаныш ағасы құрған геологиялық ғылымдар институтында табаны күректің жарты ғасыр жұмыс істеп, ғылыммен біржолға айналысып, қаншама жаңалықтар ашып, соңында өшпес еңбектерін қалдырды.

Яғни, 1943-1993 жылдары ол осы институтта кіші, аға ғылыми қызметкер, сектор жетекшісі, директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, ең соңында кеңесшісі қызметтерін атқарды.

Жазушы Алексей Бранингнің «Первый академик» деп аталатын кітабында (Алма-Ата, «Қазақстан», 1989 г.) «Алма-Ата дала новыи импульс развитию металлогенической науки, возникла казахстанская школа металлогении, школа Сатпаева» (192-бет) деп жазғандай, осы мектептің көрнекті өкілдерінің бірі Арықтай Қайыповтың негізгі ғылыми жұмыстары металлогения саласына арналды. Ол осы бағыттағы талмай ізденістерімен тер төккен еңбегінің арқасында Орталық Қазақстанда Ақма сирек металл кен орнын ашқан. Ащысай мен Зырян кендерінде жүргізілген зерттеулері жана кентас қабаттарын табуға, кендердің жалпы қорын анықтауға мүмкіндік беріп, Алтай қаласында (бұрынғы Зырян) қорғасын комбинатының салынуына негіз болды. Ғалым оның жаңа шикізат қорын тауып, үздіксіз жұмыс істеуіне үлкен үлес қосты. Оның Жетісу Алатауында, Шығыстағы Миңзек-Құмұрын металлогениялық белдемінде, Солтүстік Қазақстан мен Сарыарқа аудандарында жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде мыстың, по-

лиметалдың өндірістік кендерінің төменгі позейодағы жанартаулық жыныстармен байланыстылығы Қазақстан аумағында алғаш рет анықталды.

Осындай ұланасыр еңбектері бойынша Арықтай Қайыповтың докторлық диссертациясын қорғап (1964 ж.), профессор (1966 ж.), Қазақстан Ғылым Академиясының академигі (1972 ж.), Қазақ КСР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері (1971 ж.) атанды.

Оның басшылығымен еліміздің металлогениялық картасы жасалып, 11 томдық «Металлогения Казахстана» монографиясы (1977-1983 ж.ж.) жарық көрді. Осы өлшеусіз еңбегі үшін оған КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1985 ж.) беріліп, ол Халықтар достығы орденімен және көптеген медальдармен марапатталды.

Ғалым 200-ден астам ғылыми жарияланымның авторы болып, өзінен кейін қаншама шәкірті мен ізбасарын қалдырды. Солардың бірі өзінің 1956 жылы туған ұлы Мәлік Арықтайұлы Қайыпов та техника ғылымдарының докторы (1992 ж.), Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі (2003 ж.) болып, тау-кен қазбаларының элементтерін босатылған толқындарды қорғаудың қажеттілігін негіздеді және осы толқындарды тау жыныстарын бұзу технологиялық операцияларына қолдануы мүмкіндігін көрсетті.

Алайда, Қазақстан ғылымында Қанағанның көшін жалғаған Алатаудай Арықтай ағамыздың әлі күнге елімізде, өзінің туған жерінде бірде-бір мерейтойының аталып өтпегені өкінішті-ақ. Тіпті, Алтай қаласындағы бір көшеден басқа, оның есімін еске түсіретіндей еш белгі жоқ. Сол себепті, ғалымның биылғы мерейтой жылында академик жерлесіміз Арықтай Қайыповтың атын ардақтап,

ұлықтау парыз. Егер осы мәселе қолдау тауып жатса, ең бірінші кезекте Қанағанды қаласындағы Жер қойнауын кешенді игеру проблемалары институтын оның есімімен атау сұранып-ақ тұр. Бұдан басқадай, республикамыз бен облысымызда, туған жері Бұқар жырау ауданында Арықтайдың атына ауылдық округтер, мектептер мен көшелер беріле орынды болар еді. Ал, биылғы 10 қазанда болатын оның 110 жылдық мерейтойына алдын ала дайындалу бүгінгі күннің еншісінде.

... Мен өзім туып-өскен алақандай Үлгі ауылының тумасы Арықтай Қайыповты бала кезімде ауылмызда тұратын туыстары, әкесі Қайыптың ағасы Құлдың немерелері Қырбас Құлов пен Қайсар Ахмадиннің үйіне келіп жүргенінде бірнеше рет көргенмін. Одан кейін 1989 жылдың жазында Қаныш Сәтбаевтың Баянауылда өткен 90 жылдық тойында тағы кезіктіріп, арнайы сәлем берген де едім. Сол жолы ол қайтарында туған Үлгісіне соғып, аттанған болатын. Қазір осы ауылдағы қара орнында кезінде кеншардың Үлгі бөлімшесін басқарған аталас туысы Қайдар Ахмадин отбасымен түгін түтетіп отыр. Бірақ, кешегі жүз үйлі Үлгіден жеті шаңырақ қана қалған елімізде жерлес ғалымды есте қалдырып, атын берердей бір нысан жоқ. Тек жуырда аудандық кітапхананың әдіскері Майгүл Асқарованың Қайдардың үйіне келіп, біраз мөлімет алып, аудандық мұражайдан жатымға арналған бұрыш ұйымдастырып жалғаннан басқадай талшынысты өз басым әзірге ести қоймадым. Енді, осыдан кейін бір қозғалыс болса да, кеш болмас еді деген ойдамның...

Бұқар жырау ауданы

СУРЕТТЕ: Арықтай ағамыз (креслода отырған) Қанаған өткізген жиналыста



ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ БҰҚПА ӘШІМОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Арқа баспасөзінің ақберені

Таланттың мәңгілік ғұмыры – насихатталуы мен дәріптелуіне тәуелді. Әйтпесе, Алматыда оқығаны болмаса, бар ғұмыры орталықтан шалғайда өтіп, Кеңес дәуіріндегі көркемдік кеңес талқысынан бірнеше кітабы сүрінбей жарық көрген ауыл қаламгері Бұқпа Әшімовтің ұмытылатын жөні жоқ еді. Бұл не деген самарқалық?!

Жасыратыны жоқ, осы жолы да қажырлы қаламгердің ғасырлық мерейтойы ойымызға келгені. Ұрпақтары есімізге салмаса, тағы елеусіз қалар ма еді?..

Сонымен, Бұқпа Әшімов кім?

Ол – осы төңіректе үш бірдей басылымға бас редактор болған көсемсөз шебері. Өндіріс тақырыбын, еңбек адамының қажыр-қайратын көркем туындыға өзек еткен қабырғалы қаламгер. КСРО Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Сан қырлы талант иесі. Әдебиетке өлемен келген. Тырнақалды туындысы 1939 жылы небары 15 жасында біздің «Орталық Қазақстан» (ол кезде «Советтік Қарағанды») газетінде жарияланған екен. Дөңбәра, мандолин аспаптарында шебер ойнаған өнерпаз. Ақындар айтысына да түскен.

Ерсін МУСАБЕК,
«Орталық Қазақстан»

Парткомның батасы

...Кейіпкеріміздің шығармашылық шеберлігі мен қаламгерлік қуатына тоқталмас бұрын, оқырман үшін оның ресми өмір-деректі қызықты боларын ескерейік.

Бұқпа Әшімов 1924 жылы Ақмола уезі, Асанқайғы ауданының (қазіргі Жаңаарқа ауданы) 5-ауылында дүниеге келген. 1941 жылы аудан орталығындағы қазақ орта мектебінің (бүгінгі Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебі) сегізінші сыныбын үздік бітірсе де, оқуын жалғастыруға мүмкіндік болмайды. Батыстан соғыс өрті тұтанған сұрапыл сәт. Болашақ қаламгер де ел қатарлы буынып-түйініп, ФЗО-ға аттанады.

Ер азамат атаулы – майданда. Ауылдың малын қарасирақ бала мен шал-кемпір бағып, қаладағы зауыт-шахталарда қыз-келіншектер жұмыс істеп жүр. ФЗОның курсанттары да Қарағанды шахталарына жіберіледі. Бұқпа әкеміз де еңбек жолын Қарағанды көмір шахтасында бастаған.

Шахтада жүріп жазу-сызуын тастамайды. Өндіріс көрсеткіштері туралы жедел хабарлары «Қарағандыкөмір» тресінің коптирайды «Шахтер» басылымында тұрақты жарияланып жүр. Бір күні ауысымнан жер бетіне шығып, күндік норма тақтасынан газетке жолдайтын кезекті хабарына ақпарат жазып алып тұрған жерінен шахтаның парторгы шақырып жатыр деген хабар алады. Учаске бастығы егде тартқан орыс ұлтының азаматы еді. Мұның жаңына жетіп келіп:

– Ашімов, теңа парторг зовет, – деді.

Орыс тілін толық меңгеріп үлгермеген ауыл баласы ғой, әйтеуір, «парторг» дегенін түсініп қалды. Трес партия ұйымының хатшысына газетке дайындалып жатқан материалдары бойынша жиі барып тұратын. Бозбала кеншінің шығармашылық әлеуетін жоғары бағалайтын зиялы кісі еді. Тағы да кезекті тапсырма бойынша шақырған болар деп, хатшы кабинетіне қарай құстай ұшқан.

Мүлде басқа ұсыныспен шақырыпты.

– О, тілші бала, кел. Жоғары отыр, – деп, хатшы үстеліне жақын тұрған орындықты нұсқады. Жағдайын сұрап, бүгінгі кен өндіру нормаларының қалай орындалғанына қызығушылық танытып жатыр.

– Біздің әр күнгі орындалған жоспарымыз – жауға атылған оқпен тең. Жоспар орындалмаса, забойдан жер бетіне шықпаймыз, – деді бозбала кенші.

– Жарайсың, Әшімов! Осы біздің кеншілердің жанқиярлық еңбегі лайықты насихатталып жатқан жоқ. Жедел хабарды сен ғана белсенді жазып жүрсің. «Шахтер» газетінің редакциясы сен секілді жас тілшілерді шақыртып отыра берейін деп түйінделеді. Арасында «Жылқыны қыстаң қытымдыр аязында бұқпа, ақ түтөк боранда ықпай, қараңғыда адаспай жол табатын адам ғана бағады. Ал, жазда, әсіресе, көк шығып, көкеш шақырғанда шыбын-шіркей көбейеді де, шідерлі жылқыдан көз жазып қаласың» деп, бір қайырады. Кейіпкері – Жаңаарқа ауданы, Ленин колхозының карт жылқышысы Смағұл. Фамилиясы да айтылмайды. Кейіпкердің тегін атамау автордың кемшілігі ме, әлде, «Пәләнше Түгеншеев» деп қайталай беру жазған дүниедегі ресмилендіріп жібереді деген өзіндік мәнері ме? Оны Бұқпа атамның өзі ғана біледі.

Соғыс жылдарында да өткір сын, өтімді фельетон жазыпты. Тылдағы еңбек майдан даласындағы жанталастан кем болған жоқ. Осылайша жалпылама ұрандатқанымызбен, Отан тағдыры талқыға түскен сындарлы сәтте шаруаға қырсыздық танытқандар болғанын қалай бүркемелеп қалуға болады? Бірақ, сол заманда Сталиннің қаһарынан қаймаққандар мұндай кемшіліктерге көз-жұмбайлқыпен қарап, олқылықтарды газет бетінде жариялауға шектеу қойған деседі аға буын өкілдері. Неге? Соғыс

Тәйкімановтың тәрбиесі


1945 жыл. Кеңес Әскері жауды тысқара қуып, ел аумағын түгелдей фашизм шенгеннен азат еткен. Еуропа құрлығындағы одақтас елдерде кескілескен ұрыс жүріп жатыр. Жау әскерінің соңғы жан-

таласы. Қорқау Гитлердің өз апанында талқандалар күні де жақын қалған. Он сегіз жасқа толған күні Бұқпа да майданға сұранған. Алайда, рұқсат бермеді. Тылдағы еңбек майданының тынысына айналған газет жұмысы тоқтауға тиіс емес. Идеологияға қатты мән берген жүйенің талабы – осы. Тіпті, бұл майдан даласында әскери тілші болуға сұранған. Ол өтініші де қанағаттандырылмады. Арнаулы білімі жоктығын айтып, газетте қызмет етуге мүмкіндігі шектеулі екенін алға тартты. Болмады.

Осы жылы облыстық «Советтік Қарағанды» газетіне шақырылды. Басылымның жауапты редакторы (ол кезде бас редакторлық лауазым осылай аталатын) Бейсенғали Тәйкімановтың қарамағында әдеби қызметкер болып, талабын да, қаламын да шыңдады.

Осы мақаланы дайындау барысында газеттің қыркыншы жылдардағы тігіндісін ақтардым. Бұқпа Әшімов өндірте жазған екен. Бір аңғарғаным, жиырмандан енді асқан жас тілші сол заманның қасаң стиліне жата қоймапты. 30-40 жолдық қысқа хабардың өзінде шұрайлы тіл, көркем тіркес менмүдәлап тұр.

«Бесежылдық екінің» айдарымен берілген «Жылқышы Смағұл» атты қысқа



жүріп жатқанда солқылдақтық танытқандарда Сталин кешіріммен қарай алмаған. Мұндай кәсіпорынның басшысы атылып, қосшысы айдалғаны туралы мысал аз емес. Бұқпа Әшімов соған қарамай, сынды ашық жазып, мәселені өткір көтерген екен. Сталиндік жүйенің қаһарынан қаймықпай, тілші жазған өткір сынды тайсалмай жариялап жіберген Тәйкімановтың ерлігін айтыңыз. Бейсенғали ұстазынан алғаны болар, кейін өзі де аудандық газет редакторы болған тұста газеттің өткірлігіне көп мән берді.

Мәселен, газеттің 1945 жылғы 25 наурыздағы санында қаламгердің «Жалқаулық па, әлде, жауапсыздық па?» деген сын мақаласы жарияланыпты. Автор «Сталин-уголь» тресіне қарасты №1 шахтаның бірнеше ай қатарынан жоспар орындамаған

аудандық «Жаңаарқа» газетінің редакциясына жиі бас сұғамын. Ол кездегі «Жаңаарқа» газеті енді ғана қалам ұстаған біздер үшін «Қазақ әдебиеті» газетімен пара-пар еді. Аттарын газеттен оқып жүретін Арқа руханиятының абызы саналған Асан Жұмаділдин, алуынды ақындар Хамит Жаманов, Қалиақпар Әбілдин, Марал Хасенов, Еркін Игенберлин, шежіреші, тіл жанашыры Хамит Дәрібаев, парасатты публицист Ұзақбай Мұқышев, фотограф Қашқынбай Сейсекеевтің, бүгінгі кейіпкерім Бұқпа Әшімовтің нұрлы жүзін осы редакцияда көрдім. Осы «мүйізі – қарағайдай» қаламгерлердені – Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері.

Осы ағалар мектеп ретінде қалыптастырған «Жаңаарқа» газетінің игі дәстүрін кейінгі буын лайықты жалғастырып келеді. Менің алғашқы шимай-шәпәктарыма қол қойған редактор Ұзақбай ағадан кейін газет тізгінін ұстаған Амантай Нығатайұлы, Атынтай Оспанов, Күлше Оспанова, Дүйсенбай Жұмасейітов, Бақтияр Қошмағанбетов, бүгінгі редактор Салтанат Ералина ағалар дәстүрі мен аманатына қиянат жасаған жоқ.

Тек қана көркем әдебиетке көшелі көркемдігімен келіп, әр жылдары «Қаражал», «Тауда туған ән», «Барлаушы хикаясы», «Жәйрем» атты толымды жинақтарымен әдеби ортаны елең еткізген қаламгер Бұқпа Әшімовтің лайықты дәріптелмей жүргені қынжылтады. Ақтоғай аудандық партия комитетінде хатшы, Жаңаарқа аудандық мәдениет бөлімінде басшы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Жаңаарқа ауданы бойынша меншікті тілшісі, аудандық «Жаңаарқа» газетінің, Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінің бас редакторы, Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінің Жаңаарқа ауданы бойынша меншікті тілшісі болған талантты қаламгердің асыл қазынасы ескерусіз қалып кетуді.

Жазушының жауар дүниелері көркемдігі жағынан көш соңында қалған жоқ. Әсіресе, «Қаражал» повесі мен «Жәйрем» романы біздің өмірдегі екі алып өндірістің барлау жұмыстарынан бастап, қалыптасу, өрлеу кезеңдерін толық қамтыған, еңбек адамдарының қажырлы еңбегін айшықты бейнелеген толымды еңбек. Тіпті, Жәйрем өндірісіне газыр ғұламасы Қаныш Сәтбаевтің бастамасымен өткен газырдың 50-60-ыншы жылдарында барлау жұмыстары жүргізіліп, 70-ші жылдарда игерілді дегенімізбен, Бұқпа Әшімов оның тарихын тым әріден басайды. Романда Сәкен Сейфуллин туралы бұрын ешқайда жарияланбаған тың деректердің кездесуі шығарма құндылығын арттырып тұрса да, біз елемей келген екенбіз. Кезінде бағаланып, қазақ әдебиеті классиктерінің оң пікірін алған асыл қазына бізге неге қажет болмай қалды?

Жазушы шығармаларының түпкі идеясы коммунистік идеология талаптарымен жымдасып жатқанымен, автордың көркемдік шеберлігі, шұрайлы тіл, кестелі ойы қазақтікі екенін ескеретін уақыт жетті. Олай болса, қаламгер мұрасын қайта саралап, ғылыми айналымға түсіру – біздің парызымыз.

Қаламгердің ғасырлық тойы қарсаңында ұрпақтарының бастамасымен, Жаңаарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып отырған ғылыми-тәжірибелік конференция осы түйткілдердің түйінін тарқатар деген үміттеміз.

Суреттер жазушының отбасылық мұрағатынан

«Тентек» нағашым ақылшым да еді

Біздің үй мен Бұқпа нағашым үйі қатар болды да, балалары Алматы, Ардакпен біз қатар өстік. Ағатайым, мен нағашымды солай атайтынмын, үйде болмаған кездері, ағаларым Болсын, Рамазан, есейгеннен кейін мен де сол үйдің шаруаларына көмектесіп, жақсы араласып тұрдым. Содан мен мектеп бітіріп, мамандық таңдап, қандай оқу орнына барамын деп жүргенде, Нағашым: «Ркештің (шешем Рымбаланы солай атаушы еді) балаларының ішінде, тіпті Түсіпке әулетінде (менің әкем Құрманштың туысқандары) инженер мамандығын игергендері жоқ. Сондықтан сен инженер дайындайтын оқу орнына бар», – деп ақыл айтты.

Содан Қарағанды политехникалық институтына түсіп, инженер-механик мамандығын алып шыққан соң, Қарағанды қаласының автокөлік кәсіпорындарда әртүрлі инженер, басшы қызметтер атқарып, қазіргі кезде еңбектің зейнетін көріп отырмын.

Жұбайым Ару екеуіміз үйленгенде, нағашым сыйға тартқан мұқабамамының ішкі жағына «Жұбайлық махаббаттарыңның белгісі болсын» деген қолтаңбасы жазылған, өзінің алғашқы жарық көрген, инженер-кәсіпкер туралы жазған «Қаражал» атты кітабы – үйдегі кітап сөрелерінің төріндегі ең қымбат дүние. Бас алмай оқып, туған өңір туралы жазылған кітап болған соң кадрлейтінім содан. Кейін білдім, және кейіпкерлері де өзміз күнде көріп жүрген жерлестеріміздің жиынтық бейнесі екен. Мұнан кейін «Жәйрем» атты кітап та жазып шығарды. Нағашым журналист болғандықтан, негізгі шығармаларын туған өлкенің тыныс-тіршілігіне арнап, көркем тілмен кестелейді. Бұдан басқа «Тауда туған ән», «Барлаушы хикаясы» деген кітаптары бар.

Жоғарыда айтылған қыздары: Алматы (күйеуі Бақыт қайтыс болған) Жаңаарқа өңіріне танымал Жарылғапұтар әулетінің келіні, бүгінде немере-шөбере сүйіп отырған асқаулықты әже. Ардақ Әшімова болса неміс тілінің маманы, жолдасы Тыныс Сұлтанов екеуіміз политехта бірге оқып, жатақханада бір бөлмеде жаттық, техника ғылымдарының докторы, профессор атанды. Ардақ кезінде өнермен елге танылған қыз болып өсті. Ол кезінде Жезқазғанда құрылған әйгілі «Ұлытау» ансамблінің мың бұралған бишісі болған.

Ұлдарынан Бүркітбай беделді, мықты, елімізге енді танылып келе жатқан үлкен кәсіпкер еді, өттен бұл өмірден ертерек озды. Жұбайы Махаббат екеуінің ұл-қыздары бар, олар үйленіп, үй болған әр саланың білікті мамандары. Нағашым мен нағашы жемгем Күланда екеуінің шаңырағында отырған Тәттібай да қайтыс болып кетті, жұбайы Зубайра екеуі ұл-қыз өсіріп, тәрбиелеген ұлағатты отбасы. Ұлдары Думан мемлекеттік қызметкер, нағашымның басқа балалары да үбірлі-шүбірлі болды, әр салада қызмет істеген, әлі де үйреншікті кәсіптерімен айналысып жүргендері бар.

Бұқпа нағашым Қарағанды Жезқазған өңіріне келінін танымал журналист еді, облыстық «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан»), «Жезқазған туы» газеттерінің меншікті тілшісі, Жаңаарқа, Жезді аудандық газеттерінің бас редакторы болып істеді, талай жас қаламгерлерді тәрбиеледі. Беделді, бірбеткей, адал азамат болды, сонді талапшыл еді. Шешей айтпақшы, «ептеген тентектігі» де бар еді. Ол кісінің ауданның беделді азаматарын қонаққа шақырып, уақытында келгенде есігін тарс бекітіп алып, оларға арнаған асын өзін жалғыз жегенді біздің елде аңыз болып тарап кеткен, барша жұрт біледі, Міне, кезінде маған, алдағы өміріме талай бағыт-бағдар берген ақылшым, Анамын туған бауыры, Қазақстан Журналистер одағы мен Жазушылар одағының мүшесі, Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы, менің Нағашым Бұқпа Әшімовтің был туғанына 100 жыл толады. Ол артынан мол мұра қалдырған қаламгер, өнегелі өмір сүрген азамат еді. Сондықтан айтулы күнін еске алуды өзінің азаматтық парызы деп санадым.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, Нағашым!

Қуаныш ҚҰРМАШЕВ,
автокөлік инженері,
еңбек ардагері

САЙЫС

«Жігітте де жігіт бар»

Жаңа Майкүдық мәдениет үйінде Балуан Шолақтың 160 жылдығына орай «Жігіт сұлтаны-2024» сайысы өтті. Оған шымырмын, алғырмын, онерлімін деген жігіттер қатысып, өзара бақ пен бап сынасты.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Сайыста үміткерлер 6 бөлім бойынша мықтылықтарын дәлелдеуі керек болды. Өздерін жырмен, көркем сөзбен таныстырды. Содан күй шертті, ән шырады, би биледі, көркемсіз оқып, актерлік шеберліктерін көрсетті. Білектілері қол күресте топ жарды, білімділері тарихты қамтыған сұрақтарға жауап берді. Кір тасын көтерді. Сонымен қатар, 3 минуттық бейнеролик дайындап, режиссерлік, операторлық қырларын танытты.

Саған қазылар алқасында «Онер көкпарының Қарағанды командасының» капитаны Ерік Тезекбаев, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Студенттер үйінің директоры, философия ғылымдарының магистрі, жас ақын Жұман Бектас және зейнеткер, қоғам белсендісі Сәкен Келдібаев болды.

6 бөлімнен сүрінбей өтіп, қазылардың жоғары бағасын алған Дос Әбілмансұр – ІІІ орын, Дәуіт Қыдырбай – ІІ орын және «Жігіт сұлтаны-2024» сайысының І орынын Саян Саулахан жеңіп алды.

Сурет ұйымдастырушылардан



ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қарағанды қаласы №19/09 19.04.2024

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Кодекстің 84-бабында белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жататын объектілерді салу, атап айтқанда, төменде аталған жер учаскелерінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын іске асыру жолымен автомобиль жолдарын, магистральды құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елді мекендердің жалпы пайдалану объектілерін салу (қайта құру) бөлігінде елді мекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Келесі жер учаскелеріне қатысты мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі қозғалсын: 1) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь көшесі, 33/4 уч., ауданы 0,0572 га, кадастрлық нөмірі 09-142-124-420, «Kaz Energy Center» ЖШС-не тиесілі, БСН 230640031117 уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында;

2) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Әбдіров даңғылы, 36/8 уч., ауданы 0,0450 га, кадастрлық нөмірі 09-142-125-592, «Kaz Energy Center» ЖШС-не тиесілі, БСН 230640031117 уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында;

3) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Қрылов көшесі, 51/1 уч., ауданы 0,0455 га, кадастрлық нөмірі 09-142-158-1366, «Kaz Energy Center» ЖШС-не тиесілі, БСН 230640031117 уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында;

4) Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Лияш Н.А.) осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аталған қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Шакинов Д.А.) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 64-бабы тәртібінде жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Шакинов Д.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

М.Кожухов, Қарағанды қаласының әкімі

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары: – Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44; – Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84; – Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18; – Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38; – Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87; – Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88; – Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90; – Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37; – Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11; – Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49; – Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45; – Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06. 2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қарағанды қаласы №19/05 19.04.2024

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Кодекстің 84-бабында белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жататын объектілерді салу, атап айтқанда, төменде аталған жер учаскелерінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын іске асыру жолымен автомобиль жолдарын, магистральды құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елді мекендердің жалпы пайдалану объектілерін салу (қайта құру) бөлігінде елді мекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Келесі жер учаскелеріне қатысты мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі қозғалсын: 1) Устенко Наталья Станиславовна жекеменшік құқығында тиесілі Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Тәттімбет көшесі, 3/6 құрылыс мекенжайындағы көлемі 0,0288 га, кадастрлық нөмірі 09-142-140-141; 2) Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылғы 19 шілдеде белгіленсін. 3. Келісімдік рәсімдерді жүзеге асыру үшін меншік иесінің өтініш беру орны болып өтініш беру арқылы Қарағанды қаласы,

4. «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Лияш Н.А.) осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аталған қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын. 5. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Шакинов Д.А.) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 64-бабы тәртібінде жер учаскелерінің меншік иелерін хабарлар етісін. 6. «Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» ММ (Жашкеев Т.Б.) жер учаскелерін бағалау жөніндегі жұмысты жүргізу және заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

М.Кожухов, Қарағанды қаласының әкімі

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалаврлар пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды: «Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz №155

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz №159

Қарағанды Шинсервис Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ • жеңіл автокөліктері үшін • жеңіл жүзекшіліктері үшін • тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін • арнайы техникалары үшін ҒЗ АРАҢ ШИНАЛАР САТΠΑЙМЫЗ, ҒЗ АРАҢДАҒУ БАҒАҒА САТАМЫЗ Қарағанды қ. қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1 тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Еске алу



Еске алуға арқау болып отырған жан аудан, облыс, тіпті республика көлеміне де белгілі өнер майталманы – Қанат Тайшыбайұлы ОСПАНОВ Тәттімбет атындағы музыка колледжін, Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясын домбыра класы бойынша тәмамдаған. 1974 жылы облыстағы балалар музыка мектебінде еңбек жолын бастайды. Он шақты жыл бойы облыс, республика көлеміндегі мәдени іс-шараларда балалар оркестрі Қ.Оспановтың жетекшілігімен өнер көрсетті.

1977 жылы Қанат Тайшыбайұлы Кеншілердің мәдениет сарайындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің сапында республикалық конкурста II орынға ие болып, Бүкілодақтық конкурстың лауреаты атанды. Ал 1979 жылы осы оркестр құрамында Украинаның Львов, Волынь облыстарында өнер көрсетті.

Қанат Тайшыбайұлы 1997 жылы Қ.Аманжолов атындағы музыка мектебінің директоры болды. Сол жылы, «ҚР Білім беру ісінің үздігі» деген атаққа ие болды. Өнер жолын әрі қарай Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы өнер колледжін оқытушысы болып, одан ұлттық бөлімнің меңгерушісі қызметімен жалғастырды.

Еңбегінің жемісі – республикалық, облыстық байқаулардың лауреаттарын дайындауы. Бүгінде бұл өнерпаздар Құрманғазы мен Тәттімбет атындағы және Президент оркестрлерінде өнерлерін шыңдап жүрген майталмандар.

Бұқар жырау ауданында тоқсаныншы жылдарға дейін «Халықтық» дәреже алған бірде-бір өнер жұмысы болмағанды. Қанат Оспанов жанашыр жандар көмегімен бір жыл тольмай-ақ ауыл өнерпаздарынан құрылған ұжым Доскей атындағы халық аспаптары оркестрі деген атаққа лайық өнер көрсетеді. Бүгінгі таңда Қанат Тайшыбайұлының есімі Доскей атындағы халық аспаптары оркестрімен тығыз байланысты. Білікті жетекшілігінің арқасында 2008 жылғы сынақтан сүрінбей өтіп, ұжым «Халықтық» атағын қорғап қалды. Бүгінде бұл ұжым облыс сахнасында бірегей халық оркестрі. Өткен жылдары көмекей әулие Бұқар жыраудың 340, ауданның 70 жылдық мерейтойында Ботақара өңірінің аспанын ұлттың сазды үнімен көркемдеді.

Еңбегі еленіп 2009 ж. «Үздік көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі» номинациясы бойынша облыс әкімінің арнайы сыйақысының иегері атанды.

Ұлттық өнер жанашыры, дирижер, домбырашы маман, қаламен бірге ауыл мәдениетін көтеруге зор үлес қосқан тамаша ұйымдастырушы Қанат Тайшыбайұлының «Қазақстанның мәдениет қайраткері» деген төсбелгісі өңіріне жарасып тұрушы еді.

Қанаттың мінезі қарапайым, қазақы жүріс-тұрысы, қазақы сөйлесу мәнері ерекше жан еді. Жолдас-жораға қол ұшын созуға, туысқаңа жылылық сыйлауға әрдайым әзір жан болды.

Ауылы жар, ардақты әке, адал жолдас болған Қанат Тайшыбайұлын сұм ажал ортамыздан алып кеткеніне 40 күн толып отыр. Қанатымызды сағына еске ала отырып, топырағын торқа, жанын жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.

Еске алушылар: жолдастары – Болат-Рымкеш, Сағынғали-Әлия, Рысбек-Нәсіп, Бикен, Нескен, Асылбек-Зәуреш, Айдос-Сәуле, Даниял-Айман, жұбайы – Жұмағайша. №122

Еске алу



Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Кәсіпорын экономикасы және менеджменті» кафедрасын 30 жылдан астам басқарған экономика ғылымдарының докторы, профессор БУРА АХМЕТЖАНҰЛЫ АХМЕТЖАНОВ 2024 жылдың 5 мамырында 87 жасқа толар еді.

Бұра Ахметжанұлын тау-кен саласының жоғары дәрежелі ғылым-экономика маманы ретінде жақсы білеміз. Халқының даңқты ұлы, біздің Қазақстан қоғамының дамуына елеулі және көлемді еңбек сіңірді.

Ол күрделі, бірақ таңғажайып, көп қырлы тағдырдың адамы! Көптеген сынақтардан өтуге, әртүрлі кедергілерді жеңуге, ерік-жігері мен күшін шыңдап, нағыз зиялы, зерттеуші ғылым болу үшін көп оқуға ұмтылды.

Еңбек жолын 1961-1971 жылдары №86/87 Костенко атындағы шахтада тау-кен шеберінен бастап, жер астынан кен өндіру учаскесі бастығының орынбасары, басыш қызметтерін атқарды. 1972 жылдан бастап тау-кен инженері мамандығы бойынша өзі жоғары білім алған оқу орнына – Қарағанды политехникалық институтына қайта оралып, кафедра ассистентінен профессорына дейінгі үлкен шығармашылық дәрежеге көтеріліп, қажырлы еңбектің, оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыра білудің және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ғылым докторы дәрежесіне жетті.

Бұра Ахметжанұлы тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатқан шәкірттері бүгінде аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі лауазымдарда табысты еңбек етіп келеді. Кафедраның басым бөлігін де сол кісінің шәкірттері құрайды.

«Кісі танымақ болсаң – ісіне қара» дегендей, Бұра Ахметжанұлының өмірлік жолы қамқорлық және ізденістерге толы болды. Барлық жетістіктері – алға қойған мақсаттарға ынта қойып, барша күш-жігер, талантты жұмсап, еңбек еткенінің жемісі.

Үкімет тарапынан еңбегі бағаланып, «КСРО көмір өнеркәсібінің социалистік жарыс жеңімпазы», «ҚР білім беру үздігі», ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, І, ІІ, ІІІ дәрежелі «ҚР Құрметі кеншісі», «ҚарМТУ-дің еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгілерімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Қарағанды облысы, қаласы әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды, 2010 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Бұра Ахметжанұлы тамаша адам еді. Еңбекқорлығымен, адалдығымен, адамдармен тіл табыса білуімен ол тек әріптестерінің ғана емес, өзімен жұмысын орындайтын, араласа бақытына ие болғандардың арасында үлкен бедел мен құрметке ие болды.

Бұра Ахметжанұлының жарқын, мейірімді, жылы жүзі студенттерінің, әріптестерінің, достарының жүрегінде мәңгі сақталады!

Еске алушылар: әріптестері №148



• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Қоржында – қос жүлде

Біріккен Араб Әмірлігі астанасы Дубай қаласында 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы жеңіл атлетикадан XXI Азия чемпионаты өтті. Қазақстан құрамасы сапында Қарағанды облысынан тоғыз спортшы өнер көрсетті.

Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резерв колледж мектеп-интернатының тәрбиеленушісі Алина Чистякова жетісайыста шеберлігін танытып, алтын медаль жеңіп алды. Бұдан бөлек, үздік нәтиже көрсету арқылы жерлесіміз тамыз айында Перуде өтетін Әлем чемпионатына жолдама ұтып алды.

Азия біріншілігінде Ә.Молдағұлова атындағы ОРКМИ тағы бір жеңіл атлеті – Милана Зубарева 4x400 метрлік эстафеталық жарыста күміс жүлдеге ие болды.

Ал, қарағандылық Марина Малюгина биіктікке секіруде, Александр Акимов 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіруде және Михаил Котов онсайыста медаль алуға сәл ғана сәттілік жетпеді. Олар төртінші орынды қанағат тұтты.

Өз тілшімізден



Сурет облыс әкімінің сайынан

• САБАҚТАСТЫҚ

Өнегесі мол әдеби кеңес

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен кездесуінде «Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертен еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиісіміз» деген болатын. Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалы облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Қасым үйінде» «Өнер деген бір әлем» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Кеш соны алдыңғы буын ағалар мен кейінгі толқын иілер сұхбаттасқан әдеби кеңеске ұласты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара басталмас бұрын жас қаламгерлер халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын алған белгілі этнограф, жазушы Төрехан Майбасты сән-салтанатымен қарсы алды. Өн шырқалды, өлең оқылды, күй шертілді. Осылайша ғұмырын жазуға арнаған қаламгерге құрмет көрсетілді.

Содан кейін жиналған жұрт «Қасым үйінде» жиын залына жиналып, әдеби кеңес өткізді. Әдеби кеңесте Төрехан Майбаст пен ардагер журналист Оралбек Жүнісұлы жас қаламгерлерге әдебиет төңірегінде өнегелі әңгіме айтты. Жастар өлең-

дерін оқып, аға буынның пікірін естіді. Сәтті шыққан туындылар ескерілді. Сын да айтылмай қалған жоқ.

– Бұл шараның мақсаты – Қарағанды облысындағы, өңірлердегі жас және аға буын ақын-жазушыларды шақырып, тәжірибе алмасу, аймағымыздың мәдени саласына дем беру. Шығармашыл адамдар арасындағы достық пен шығармашылықты дамыту және кеңейту. Қарағанды төрінде талантты әдебиетшілердің басын құрап, бүгінгі әдебиет, оның ішінде Жана Қазақстан әдебиеті бағытын талқылау. Сонымен қатар, қарағандылық жас ақын-жазушылардың әлеуетін

айқындау. Әдебиетке қоғамның назарын аударып, қызығушылығын арттыру, – деді Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры Жанат Жаңқашұлы.

Әдеби кеңеске қатысқан жас қаламгер Тілеужан Қамыспай мұндай кездесулер шығармашылығымызға тың серпін береді деген пікірде. Ол университет қабырғасына келген бері қалалық, аймақтық деңгейлердегі түрлі мүшәйраларға қатысып, жүдделі болып жүр. Былтыр поэзия кешін өткізді.

– Шығармашылыққа бет бұрған адам үнемі ізденісте жүреді. Кітап оқып қана қоймай, көпті көрген, тәжірибесі мол ағалардың әңгімесін тыңдаған абзал. Олар бізге бағыт-бағдар береді. Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалы жас ақындардың қарым-қабілетін ұштауға бар жағдайды жасап жатыр. Осындай кездесулер, түрлі шаралар Қарағандыда жиі ұйымдастырылады. Ұйымдастырушыларға зор алғысымды білдіремін. Поэзия жасауым – деді Тілеужан Қамыспай.

Шара соңында Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры Жанат Жаңқашұлы Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбектерін бағалап, облыстың әдеби-мәдени өміріне белсенді қатысып жүрген ақын-жазушыларды Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикеновтің Алғыс хатымен марапаттап, арнайы дипломдарын табыстады.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

«Асыл әндер» шақырады

Қарағандыдағы «Шалқыма» концерт залында 5 мамыр күні, сағат 17:00-де Мәдениет саласының үздігі, халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің солісі Гүлмира Серікқызының «Асыл әнім» атты шығармашылық кеші өтеді.



Кеш Арқаның аулы әнші қызының киелі сахнада жүргеніне 25 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр.

Кеш барысында қазақ халық және эстрадалық әндері, романстар шырқалады. Атап айтсақ, кеш иесі Нұрлан Албанның «Арулар», Айдос Сағаттың «Періште», Мұратхан Егінбаевтың «Құмған алған», халық әні «Бүлдірген», Леонид Дербеневтің «Есть только миг», Микаэл Таривердиевтің «Романс о любви» туындысы және басқа да ел арасына кең таралған есті әндерді әулеттеп.

Сонымен қатар, концертте Ербол Алшынбаев, Ерман Найманбай, Камилла, Жәмилә Оспановалар, «Мерей» триосы сынды талантты әншілер өнер көрсетеді.

Гүлмира Серікқызы дауысының ерекше бояуымен және ешкімге ұқсамайтын бөлек орындау мақамымен ерекшеленіп жүрген талантты әнші. Ол эстрадалық әндермен қатар, халық әндерін де жеріне жеткізе шырқай алатын кең тынысты әнші. Ширек ғасыр ішінде өзінің талғампаз тыңдармандарын қалыптастырып, қазақ әнінің Арқа ән мектебіне өзінің тың сұлқуын де салып үлгерді.

Марал НҮРТӨЛЕУОВА,
Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің редакторы

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Көктеммен келген мереке

Бірлік күнінде Жаңа Майкұдық мәдениет үйінде «Ынтымақ мекені» мерекелік кеші өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түрлі ұлт өкілдері бір-біріне сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттады. Мереке күні ұйымдастырылған «Жігіт сұлтаны» байқауы жігіттерді бағырлыққа, тапқырлыққа баулады. Ұлттық құндылықты насихаттаған

сайыс жастар арасында үлкенді сыйлаудың тәрбиелік мәні зор екенін байқатты. «Нұрби» үлгілі хореографиялық ансамблінің орындауында «Халықтар достығы» би қойылымы «Шахтерлер» халықтық хорының орындауындағы «У қарты Қазақстан» әніне жалғасты. Сондай-ақ, кеште мәдениет үйінің көркемөнерпаздары Гүлдана Мақшинова, Ерден Марат, Медет Кәрім, Саян



Мұздыбай, Дулат Аргын, Бота Халимбай, Айгүл Түсіпова өнер көрсетті. Кішкентай әншілер Фатима Темірғалы мен Айсәуле Марат әсем әндерін шырқалды.

«Қаусар» дуэті, «Қадыр» кавказ би студиясы және «Надежда» ардагерлер хоры көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Арқа аспанында ән қалықтаған күн

Арқа аспанында ән қалықтады. Кеншілер мәдениет сарайында кешегі Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырайдың жалғасы болған Ерман Базарбеков ердің жасы елуге аяқ басуына орай жеке концертін берді. «Әніме бір басайын Алтыбасар» деп айдарылған кеште ине шаншар орын болмады. Өмірі өнермен өрленген Арқа жұрты дауысы қозы көш жерден жететін даланың дарындарына тағы бір тамсанып, тағы бір таңданысты. Өнердің мәңгілік екеніне ел шүбәсіз сеніп, Тәңір таңдайына ғаламат дауыс сыйлаған таланттарына риясыз ризашылығын білдірді осы кеште. Кешке облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын қатысып, аймақ басшысының құттықтауын жеткізді.

Жан АМАнтай,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүлдүл әншінің мерейін тасытып, мәртебесін асырмаққа елімізге танымал тұлғалар да осы арадан табылды. Ұстазы, Қазақстанның Халық артисі Қайрат Байбосынов бастаған Елмұра Жанбергелі, Гүлмира Сарина, Айгүл Қосанова қостаған көмейіне бүлбүл ұя салған дәстүрлі әншілер кеш көркін қыздырды.

Арнайы ат арытып келгендердің көш басында Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтаев, ақын ақын Серік Ақсұңқарұлы, өнертанушы, әнші Ерлан Төлеутай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақсыкелді Кемалов бар. Ағалары ақсарма тілектерін арнап, сахнада әнші ба-

уырларының астына ат мінгізіп жатты. Елорда жұртының жүрекжарды лебізін ала келген Аманжол Әлтаев Ерман Наурызбайұлының ұлтына, жеріне деген сүйіспеншілігін тілге тиек етіп, сахна төрінде оның әншілік феномені туралы сөз қозғады. Ал, Ұстазы Қайрат Байбосынов Ерманның кемеліне келген, кәсіби әншілігі туралы пікір білдірді. Өнерлі әулеттен шыққан Ерманның әнші болмауға хақысы да жоқ еді. Бала күнінен ұстаз тұтқан тұлғасы Қайрат Байбосыновтың бата-сын алып, өнерге қызмет етуге бел буғаннан бері ұстазының ұлағатын естен әсте бір сәтке шығарып көрмеген. Ұстазын төбесіне көтеріп сыйлайтын тәлімді шәкірт ретінде Ерман Наурызбайұлы көп алдында



Қайрат Байбосыновтың иығына шапан жауып, астына ат мінгізді. Ол «Бұл қазақтың дәстүрлі ән өнеріне деген сыйы» дейді. – Дәстүрлі ән деп жүрген жан-

ның біріміз. Бізге келіп жеткен мың дәстүрлі ән болса, оның алғысы Сей-фолланың Сөкеніне. Неге десеңіз, Затаевичке сол әндерді ақысын беріп, жидырған осы Сәкен Сей-

фуллин еді. Ал, сол әндердің 500-ге жуығын бүгінге дейін шырқап жинаған Қайрат Байбосынов ағамыз. Қайрат Байбосыновтан асып ән салған, одан асып ән зерттеген жан жоқ. Сондықтан астына ат мінгізіп, иығына шапан жапқаным. Жеке басқа табыну, не Қайрат Байбосыновты ұлықтау емес, бұл қазақтың дәстүрлі ән өнеріне деген сыйы деп біледі деп ойлаймын жұртшылық, – деді Ерман Базарбеков.

Айтылған жылы лебіздер толассыз. Өнерге жақындар жиналған жарқын кеште сөз алған филология ғылымдарының докторы Қойлыбай Асанов Иманактың бауырын әнге бөлеген Ерманның салға тән сән-болмысын тілге тиек етті.

– Сонау Иманактың бауырын әнге бөлеп, Сәкен туған мекенді қайта жандандырғандардың бірі осы Ерман. Келбеті мен мінезі, ұлттық өнерге деген адалдығы бәрі-бәрі сол сал-серілер әлемінің жұрнағы екенінің айғағы. Репертуарындағы баритон дауыспен айтатын әндерінің барлығы Ермандай қайталанбас тұлға етуге жетіп-ақ жатыр. Бұл оның тек әншілік, өнерпаздық қыры. Ал, інілігі, бауырмалдылығы – ол бөлшек әлем, – деді Қойлыбай Асанов.

Бұқарасы ән баласының өнеріне ұйығаны сонша күнделікті күйбел тірлік пен ұялы телефондар жайына қалғандай. Осы сәтте сахна төріне кеш қонағы күйші Мадияр Сүлейменов Тоқа Шоңмаңұлының «Бастау қосбасарын» шертіп, тыңдарман қауымды ерекше әсерге бөледі.

Расында, әншілік оның ішінде, дәстүрлі ән қанмен берілсе керек. Ермандай тұлғаның қызы Үрысты Ерманқызы да өнерден қара жауа емес екенін көрсетті. Ол Ақан серінің «Балқадиясы» орындап, көпшіліктің қозғаймына айналды. Қаршадай қыздың өнерге ынтықсын жиылған жұрт «өкден» десті. Сонымен қатар, әншінің туған жері Жаңаарқаның ыстық ықыласты сәлемін аудандық мәслихат төрағасы Юрман Бекқожин жеткізіп, әншіге ат мінгізді. Атажұрттан келген сол бір сәлемде алты қыр асырып, сал-серіні жиып, бас қостырған Ерман Базарбековке Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы атағын бергенде, тіпті, де жарасар еді... Десек те, Ерман Наурызбайұлының атағы мен абыройы ұлықтаудан кем де, кенде де емес шығар. Ұлан-асыр тойына алты атырап жиылып, алты бұлақ құйылғаны көпші азуында.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКОВНА

Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – С.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы – Г.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55

Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шер, Балқаш, Призерс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтин, Абай, Бұқар жаурау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VP00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 ұй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KZJBJKZKX БИН 000840001412
Таралымы 5 508

№ 49 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Аяулым СОВЕТ